

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды Академиясы**

Әскери және арнайы - тактикалық даярлық кафедрасы

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарындағы атыс қаруларынан
атыс даярлығы тәлімгерлігінің негізгі ережелері бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

ҚАРАҒАНДЫ қ. 2018ж.

Құрастырған:

Кафедра бастығының орынбасары,
полиция полковнигі

С.Ж.Тоқтабеков

аға оқытушы, полиция
подполковнигі

Н.Ж. Қожамжаров

Әдістемелік ұсыным кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді
2018 жылғы «_____» _____ Хаттама № _____

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында атыс даярлығы бойынша осы Тәлімгерлік (бұдан әрі – Тәлімгерлік) ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жедел-қызметтік тапсырмаларды орындау кезінде жауынгерлік атыс қаруын шебер және тиімді қолдануға және пайдалануға үйрету тәртібін белгілейді.

2. Тәлімгерлік:

- 1) жалпы ережелерді;
- 2) атыс даярлығын бағалауды;
- 3) бастапқы атыс жаттығуларды;
- 4) оқу атыстарының жаттығуларды;
- 5) бақылау атыстарының жаттығуларды;
- 6) әскери-спорттық атыс жаттығуларды қамтиды.

3. Тәлімгерлікті тиімді іске асыру:

1) атыс даярлығын уақтылы және дұрыс жоспарлау, атыс даярлығы бойынша сабақтарды сапалы өткізуге және түрлі нысаналық жағдай құруға мүмкіндік беретін оқу материалдық-техникалық базаның бар болуымен;

2) қызметкерлердің жоғарғы кәсіби және әдістемелік даярлығы, сондай-ақ оқуда оқу-жаттығу құралдарын тиімді пайдаланумен;

3) үйренушілердің атыстың негіздері мен ережелерін, қарудың, оқ-дәрілердің, материалдық бөлігін, атысқа қаруланудың даярлық ережелерін нақты білумен;

4) сабақтарды өткізу кезінде жеке құрамның ұдайы және мақсатқа сай моральдік-психологиялық даярлығымен;

5) жаттығулардың шарттарын қатаң сақтаумен, оларды орындау тәртібі мен қауіпсіздік шараларының талаптарымен қамтамасыз етіледі.

4. ПО қызметкерлерін инспекторлау кезінде атыс даярлығы қызметкерлердің атыс даярлығының нормативтерін және атыстың бақылау жаттығуларын орындау, атыс даярлығының теориясы бойынша сынақтарды қабылдау жолымен бағаланады.

5. Атыс даярлығынан білімнің төмен деңгейін көрсеткен қызметкерлер табельдік қаруды бекіту тәртібімен қоса, сынақтарды қайта тапсыруға жатады. Сонымен қатар, сынақтарды қайта тапсырғанға дейін аталған қызметкерлердің алмастыру-карточкалары ПО бөліністерінің арттехқарулану мүліктерін бекітуге жауапты қызметке беріледі.

2 тарау. Атыс даярлығы бойынша сабақтарды ұйымдастыру **1-параграф. Тәлімгерлік бағдарламасын пысықтау бойынша** **ұйымдастырушылық-әдістемелік нұсқаулар**

6. ПО бөліністерінде (азаматтық қорғаныс органдарынан басқа) атыстың бастапқы, оқу және бақылау жаттығулары орындалады.

7. Атыстың бастапқы, оқу және бақылау жаттығуларын орындау уақыттың күндізгі және түнгі уақытында сабақтар кестесіне сәйкес, тирлерде немесе оқу орталықтарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізіледі. Атыс жаттығуларын өткізу кезінде мазмұнын атыс басшысы анықтайтын оқу орындарында сабақтар (жаттығулар) ұйымдастырылады.

8. Атыстарды тирлерде және оқу орталықтарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізу ай сайын, тоқсан сайын немесе ПО-ның уәкілеттін басшысы немесе оны алмастыратын адам бекіткен кесте бойынша ұйымдастырылады (бір рет өткізілетіндерді қоспағанда).

9. Оқу орталықтарының аумағында, атыс алаңдарында, полигондарда (бұдан әрі – көшпелі атыстар) атыстарды және атыс жаттығуларын басшылыққа алу және қызмет көрсету үшін, сондай-ақ сабақтарды өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауды қамтамасыз ету ПО-ның уәкілетті басшысының бұйрығымен:

- 1) атыстың аға басшысы;
- 2) оқу орындарында атыс басшылығы;
- 3) оқ-дәрілер таратушы;
- 4) қоршау тобы;
- 5) қаруларға және оқ-дәрілерге ілесіп жүру тобы тағайындалады.

10. Атыс тирлерінде жаттығуларды және атыстарды өткізу үшін:

- 1) сабақтар басшысы;
- 2) оқ-дәрілерді таратушылар тағайындалады.

11. Атыстарды өткізу кезінде медициналық қызметкерлердің болуы қамтамасыз етіледі.

12. Атыс даярлығы бойынша атыстар мен сабақтардың басшылары арнайы даярлық бөліністерінің қызметкерлері, ал олар болмаған жағдайда атыс даярлығы бойынша сабақ өткізудің әдістемелерін меңгерген және ПО-ның қарулануында тұратын қарулардың түрлі атыстарын үйрету дағдыларын білетін қызметкерлер тағайындалады.

13. Көшпелі атыстарды өткізу кезінде атыстарды, сабақтарды ұйымдастыру және оқу орталығының жалпы талаптарын қолдайтын қауіпсіздік талаптарын орындау мәселелері бойынша жауапты адамдар.

14. Атыстардың аға басшысы атушы бөліністің белгіленген талаптардың, қауіпсіздік шараларының талаптарын және атыс жаттығуларын пысықтайтын жағдайлардың сақталуына жауапты. Оған оқу орындарындағы атыс басшылары және атыстарға қызмет көрсететін жеке құрам бағынады.

15. Атыстардың аға басшысы:

1) атыс бағдарламасын зерледелеу және бөлініс қанша жаттығу орындайтынын, қарудың әрібр түрінен атушылардың санын, атыстың басталуын және аяқталуын анықтауға;

2) оқу орындарында атыстар басшысын анықтау;

3) атыс басшыларынан оқу орындарында атысқа даярлығы және ататындар саны туралы, қоршап алу басшысы – қойылған бекеттер туралы баянат қабылдауға;

4) атыс басшыларына оқу орындарында атыстарды өткізу туралы нұсқау беру және қауіпсіздік шараларының талаптарын ескертуге;

5) атысты және нысана алаңын бақылауды ұйымдастыру, бақылау міндетін қоюға;

6) оқу орындарында атушы ауысымдарының даярлығы және нысана алаңында адамдардың, машиналардың, жануарлардың жоқ екеніне көз жеткізгені туралы баяндағаннан кейін, «Ат» сигналын беру туралы өкім беруге;

7) атыс бағдарламасы талаптарын қатаң сақтауды бақылауды және жаттығуларды орындау кезінде жеңілдету және босаңсыту жағдайларына жол бермеуге;

8) қауіпсіздік шараларының талаптарын бұзған жағдайда, нысаналық алаңда адамдар, машиналардың, жануарлардың болуы немесе қоршап алу бастығынан қауіпсіздік шараларының талаптарын бұзғаны туралы баянат алғанда, сондай-ақ басқа да алаңдау сигналы болғанда «Тоқтат» немесе «Тоқтат» сигналын беруге;

9) оқу орындарынан атыс нәтижесін білуге;

10) басқарудың барлық пункттерде ақ түстер көтергеннен кейін «Тоқтат» сигналын беру өкімін беруге;

11) атыс башыларынан оқу орындарына атыс нәтижелері туралы баянатты қабылдауға;

12) талдау жүргізуге және бұдан әрі іс-қимылдар туралы нұсқау беруге;

13) атыстар біткеннен кейін атысқа қатысқан қызметкерлердің санымен оқ-дәрілердің шығынын салыстырады, тарату-тапсыру ведомосін толтыруды ұйымдастыру, сондай-ақ сол күні түнгі атыстарды – келесі күні шығындалған оқ-дәрілердің есебін беруге міндетті.

16. Оқу орындарында (тирде) атыс басшылары атушылардың белгіленген тәртіптің, сондай-ақ орындалатын жаттығулардың шарттарының қауіпсіздік шараларының талаптарын қатаң сақтауына жауап береді.

17. Оқу орындарында (тирлерде) атыс басшылары:

1) атыс жаттығуларын орындау кезінде атысты тоқтату сигналын бөліністің жеке құрамының барлығына жеткізуге;

2) орындалатын жаттығудың шарттарымен және аға атыс басшыларының байланысы бар болуына тиісті нысаналық жағдайды тексеруге;

3) атысты бақылауды ұйымдастыруға;

4) атыстың аға басшысына атысқа даярлығы, атушылар саны туралы баяндау және басқару пунктінде қызыл түсті сигнал қоюға;

5) орнында атуды басқаруға;

6) қауіпсіздік шараларының талаптарын бұзғанда дереу атуды тоқтату және аға атыс басшысына баяндауға;

7) аға атыс басшысына атыстың аяқталғаны туралы баяндауға;

8) аға атыс басшысына атыстың нәтижелері туралы баяндауға;

9) үйренушілермен атысты талдау жүргізу және әрбір атушыға бағасын жариялауға міндетті.

18. Оқ-дәрілерді таратушылар:

- 1) оқ-дәрілерді пайдалану ережесін білуге;
- 2) атушылармен оқ-дәрілерді қарау ережесін сақтау және олардың қаруды және оқ-дәрілерді пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауға;
- 3) оқ-дәрілердің қажетті санын қатаң орындалатын жаттығуларға сәйкес беруге;
- 4) тарату-жинау ведомосін жүргізуге;
- 5) атыс аяқталғаннан кейін тексеру және тарату-жинау ведомосіне қол қою керек және атыстың аға басшысына қалған оқ-дәрілердің саны туралы баяндауға міндетті.

19. Қоршау тобы атыс орнында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін құрылады.

20. Қоршау тобының басшысы үшін қоршау аға тобы тағайындалады, ол:

- 1) оқу орталығының (атыс алаңының) аумағын және қоршау бекеттерінің орналасуын білуге;
- 2) атыс басталудың алдында оқу орталығының (атыс алаңының) аумағын мұқият тексеруге;
- 3) қоршау бекетін қоюға, олардың алдына бақылау және атыс (полигон) аумағына адамдарды, автокөліктерді және жануарларды жібермеуі туралы мәселе қоюға;
- 4) қоршау бекеттерін байланыс және құлақтандыру құралдарымен қамтамасыз етуге;
- 5) оқу орталығында (атыс алаңында) адамдарды, автокөліктерді немесе жануарларды көрген жағдайда бұл туралы дереу атыс басшысына баяндау және оның командасы бойынша оларды атыс шегарасынан тыс жерге шығару бойынша шаралар қабылдауға;
- 6) атыс аяқталғаннан кейін атыс басшысының рұқсатымен қоршау тобын босатуға міндетті.

21. Қоршау тобының қызметкерлері:

- 1) көрсетілген секторлардан бақылау жүргізуге және ату орнында адамдардың, автокөліктердің, жануарлардың, төмен ұшатын аппараттардың және өрттің пайда болуы туралы дереу баяндауға;
- 2) жалаушалардың немесе қолшамның көмегімен атысқа рұқсат беру немесе тыйым салу туралы сигналдар беруге міндетті.

22. Қоршау тобы байланыс құралдарымен, бинокльмен, ақ және қызыл түсті жалаушалармен, ал тәуліктің түнгі уақытында – ақ, қызыл түсті қолшаммен және түнде көру құрылғыларымен жабдықталады.

23. Атыс өткізу орындары қарудың материалдық бөлігі, қарумен және оқ-дәрілерді пайдалану кезінде қауіпсіздік шаралар бойынша көрнекі құралдарымен қамтамасыз етіледі.

24. Атыстарды өткізуге жауапты адамдарда өздерімен бірге мынадай құжаттар:

- 1) қаруды және оқ-дәрілерді пайдалану кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша Тәлімгерліктен үзінді;

- 2) оқу орталығының сызбасы (атыстың, полигонның);
- 3) осы Тәлімгерлікке 1-қосымшаға сәйкес атысты есепке алу журналы;
- 4) осы Тәлімгерлікке 2-қосымшаға сәйкес оқ-дәрілерді беруге тарату-жинау ведомосі;

5) осы Тәлімгерлікке 3-қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шаралары жөнінде нұсқамалық өткізу ведомосі болуы тиіс.

25. Атыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша құжаттар жеке құрамның кәсіби даярлығына жауапты бөліністерде сақталады, оның сақталу мерзімі ІІМ-нің нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

26. ІІО қызметкерлері тапаншадан ату жаттығуларын бекітілген табельдік қарудан орындайды.

Атыс жаттығуларын орындау үшін қарудың басқа түрін кезекші бөлім, ал кезекші бөлім болмаған жағдайда – жеке құрамның кәсіби даярлығына жауапты бөліністің тапсырысы бойынша қаруландыру қызметі қамтамасыз етеді.

27. Қарулануға қарудың жаңа түрлерді (түрлері, модельдері) келіп түскен жағдайда атыс басшылары және оқу топтарының басшылары қызметкерлер жаттығуды орындаудан алдын олардың қарудың сол түрінің материалдық бөлігін және қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын зерделеуді қамтамасыз етеді.

28. Қызметкерлердің практикалық атыс жаттығуларын орындау нәтижерелі өткен бағдарламаны есепке алу және практикалық сабақтарға қатысу журналының атыс даярлығы бөлігінде белгіленеді.

29. Атыс жаттығуларын орындауға осы Тәлімгерлікке 4-қосымшаға сәйкес, Калашников автоматының және Макаров тапаншасының мақсаты, жауынгерлік құрылысы және тактика-техникалық сипаттамасы бойынша тестті сәтті тапсырған (сынақ тапсырған), атыс және басқа қаруларды қолданудың құқықтық негіздерімен, қаруды пайдаланудың қауіпсіздік шараларымен, атыстың ережелерімен және орындалатын жаттығулардың шарттарымен танысқан, сондай-ақ осы Тәлімгерлікке 5-қосымшаға сәйкес атыс даярлығының нормативтерін орындаған қызметкерлер жіберіледі. Белгіленген сынақтарды тапсырмаған үйренушілер атыстың бақылау жаттығуларын орындауға жіберілмейді.

30. ІІО қызметкерлері атыс жаттығуларын орындау кезінде міндетті түрде көру органдарын қорғауды қамтамасыз етеді (арнайы атқыш, тактикалық көзілдірік немесе баллистическалық забрало).

Қызметкерлерді атуға психологиялық дағдыландыру үшін өткізілетін шынайы жағдайға жақындатылған сабақтарды қоспағанда (металл нысаналармен жұмыс істемегенде), есіту органдарын қорғауды қамтамасыз етуге рұқсат беріледі (кұлаққап, беруши).

31. Қарумен лауазымдық міндеттерді орындайтын қызметкерлер жедел-қызметтік міндеттердің ерекшеліктерін есепке ала отырып, жеке броньді қорғаныс құралдарын қолданып (броньді жилет, арнайы шлем және т.б.), атыс жаттығуларын тұрақты орындайды.

32. Газтұтқышпен жаттығуларды орындау кезінде орындау уақыты газтұтқышты кигеннен кейін есептеледі. Көзілдірік тағатын үйренушілер газтұтқышта үйлестіретін айнасы бар атыс қаруынан орындайды, үйлестіретін айнасы болмаған жағдайда оларға жаттығуды газтұтқышсыз орындауға рұқсат беріледі.

33. Жаттығуды орындау кезінде:

1) жүйелілік (қысқа уақытта оны меңгеру үшін нақты жаттығуда тоқтата отырып, нақты реттілікте, атыстың жүргізу техникасы элементтерін кезең-кезеңмен оқумен жаттығуларды меңгеруді көздейді);

2) саналылық және белсенділік (жалпы ату жаттығулары мен атыс даярлығын меңгеруге тыңдаушының табиғи қызығушылығын шығаруды көздейді);

3) қол жетімділігі мен беріктігі (жеңілден ауырға біртіндеп көшуді, оқу материалдары мен ату жаттығуларының үнемі қайталануын бағдарлайды);

4) көрнекілік (көрермен қабылдауымен қатар өзге де сана-сезім органдарын, әсіресе «атқыш-қару» жүйесінде қозғалтқыш сезімдерді пайдалануды кең қолдануды болжайды) принциптерін ескеру қажет.

34. Жаттығуларды зерделеу кезінде үйренушілердің тобын олардың дайындық дәрежесі бойынша кіші топқа бөлген мақсатқа сай. Бұл ретте үйренушілерге сараланған тәсіл қағидаттарын басшылыққа алған жөн. Артта қалып қойғандарды жеке топқа жинаған және дайындық және оқу жаттығуларын орындау барысында оларда дұрыс дағдыларды шығаруда мұқият бақылаған жөн. Үлгергендерді де жеке топқа жинаған және оларға жоғары қиындықтардың міндетін қойған жөн.

35. Қызметкерлердің атыс даярлығы деңгейін жетілдіру мақсатында, атыс және оқу топтарының басшылары атыс даярлығы бойынша сабақтарында түрлі атыс жаттығуларын және оқытудың заманауи түрлерін пайдалануы, сондай-ақ органдарда және бөліністерде бар басқа атыс қаруын пайдалануы мүмкін. Сонымен қатар, мыналар: орындалатын жедел-қызметтік міндеттердің ерекшеліктері, қызметкерлердің даярлық деңгейін, оқу-материалдық базасының болуын және жағдайын, қауіпсіздік шараларын ескеру қажет.

2-параграф. Қаруды және оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары

36. ПО қызметкерлері оларға берілген қару мен оқ-дәрілердің сақталуына және жай-күйіне жауапты, осыған байланысты қаруды және оқ-дәрілерді пайдаланғанда белгіленген қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға және оны күтіп ұстауға міндетті.

37. Нарядтардың қызметке шығар алдында нұсқау өткізетін адамдар табельдік қаруды және оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларды сақтау жөніндегі талаптарды түсіндіреді, сондай-ақ ПО қызметкерлерінің қаруды қолданудың құқықтық негіздері мен оның материалдық-техникалық бөлімі бойынша білімдерін тексереді.

38. Бекітілген қаруды алған және тапсырған кезде аталған қаруды кезекшінің немесе оның орнын алмастыратын адамның көзінше, арнайы жабдықталған үй-жайда оқталмағанына келесі тәртіпте тексереді:

1) қарудың ұңғысын арнайы белгіленген орынға бағыттайды (күм салынған жәшік, оқ ұстағыш және т.б.);

2) оқжатарды ажыратады;

3) патронның оқтықта бар-жоғын тексереді: сақтандырғышты қосады, бекітпені (бекітпе жақтауы) соңына дейін 2-3 рет тартады, оқсауытты қарайды және жібереді, ағытқыш ілгекті басады және сақтандырғышты қосады.

39. Қызмет өткеру үшін қару алған кезде оқжатарды жауынгерлік патрондармен жарақтайды, бір оқжатарды тапанша сабының негізіне салады (автоматқа жалғайды), ал екіншісі тиісті кіші сөмкеге салынады. Қарудың сақтандырғышы қосулы жағдайда тұрады.

40. Қызмет өтеру кезінде ерекше қажеттіліксіз қаруды тапанша қаптан алуға, оны қаруды сақтау қарастылымаған орындарға қоюға (қызметтік сейфтер, сөрелер және т.б.), сондай-ақ басқа адамдардан беріп жіберуге тыйым салынады. Тапаншалар қызмет өткеру уақытында, сондай-ақ атыстарды өткізу орнына бару және кері қайтуы кезінде белге баумен бекітіледі. Қаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны қолдану үшін жауынгерлік даярлыққа келтіріледі.

41. Қызмет өткеру аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіпте қару мен оқжатардың оғын шығарады, кезекшіге тапсырылады.

42. Елді мекенде атыс өтisetін орынға баратын және кері қайтатын кезінде ПО қызметкерлері қызметтік автокөлікте жүреді және бөгде адамдардың назарын аудармай қауіпсіздік шараларын сақтайды. Тапанша тапанша қапта болады және баумен бекітіледі.

43. Атыс өтisetін орынға елді мекеннің шегінен тысқары жерге бару және кері қайту;

1) жеке құрамды, қаруды және оқ-дәрілерді тасымалдау орталықтандырған түрде жүзеге асырылады, сонымен қатар тиісті тәртіпте ілесіп жүру қамтамасыз етіледі;

2) ілесіп жүруді жүзеге асыратын ПО қызметкерлері тиісті тәртіпте қаруланады.

44. Сабақ өткізудің алдында атыс басшысы соңында қызметкерлер ведомоске қол қоятын нұсқау жүргізеді.

Қауіпсіздік шараларының негізгі ережелері:

1) қауіпсіздік, атыс барысында осы Тәлімгерлікті қатаң сақтаумен, атысты дұрыс ұйымдастырумен, қызметкерлердің жоғарғы тәртіптілігімен қамтамасыз етіледі;

2) әр қызметкер, қаруларды және оқ-дәрілерді пайдалану барысында бекітілген қауіпсіздік шараларын білуі және сөзсіз сақтауы тиіс;

3) өткізілетін іс-шараның дәл және сауатты басқарылуымен, қарудың, оққабылдағыштың ақаусыздығымен, жарықтандырумен, күшейту және команда беру құралдарымен қамтамасыз етіледі;

4) ашық түрдегі атыс орнының (полигонның) шектері: «Атыс орны», «Тоқта, атып жатыр», «Өту және өтіп кетуге тыйым салынған» деген жазулармен белгіленеді, бұлар қашықтан жақсы көрінетін жерге, сондай-ақ атыс орнының (полигонның) аумағына апаратын соқпақтар мен жолдардың қиылыстарына орнатылады. Қажет болған жағдайда атыс орнының (полигонның) шектерінде траншеялар қазылуы мүмкін. Барлық жолдар мен жүргінші соқпақтар шлагбаумдармен немесе басқа да бөгеттермен жабылады. Одан басқа, атыс орнына (полигонға) жақын елді мекендерге, атыс өтіп жатқан уақытта атыс орны (тирдің) аумағына кіруге, өтуге тыйым салынғаны жөнінде хабарламалар ілінеді. Атыс ұйымдастырылып және өткізіліп жатқан аймаққа бөтен адамдар бақылаусыз кіруге болмайды;

5) оқ атуға рұқсатты атыс басшылары және атыс шебінде тұрған олардың көмекшілері береді. Оқ ату «Ат» немесе «Алға» командасымен жүргізіледі. Атыс «Тоқта», «Тоқта, атуды тоқтат», «Тоқтат» командасымен немесе сигнал беру құрылғысының сигналымен (таймер, ысқырық) тоқтатылады;

6) атыс және бастапқы шепте ұялы байланыс құралдары сөндірулі болуы тиіс;

7) бұрылу, аунау, тоңқалау және секірумен байланысты ату жаттығуларын орындау кезінде қарудың қорғағышы оқ атқан сәтке дейін қосылып тұруы тиіс;

8) қозғалыста ату жаттығуларын орындау кезінде, сондай-ақ шектелмеген уақытта ату кезінде атыстар арасындағы үзілісте қаруды алға (өз алдына) бұру қажет;

9) мынадай жағдайларда барлық атушылар өз еріктерімен немесе атыс басшысының командасымен оқ атуды доғарулары керек:

адамдар, машина немесе жануарлар нысана алаңында пайда болған жағдайда, сондай-ақ ұшатын аппараттардың атыс аумағынан төмен ұшқанда;

командалық пунктте немесе блиндажда (панада) ақ жалау (фонарь) көтерілгенде;

атыстан оқ шыққан жағдайда;

10) шуға қарсы құлаққаптар және қорғаныс көзілдіріктері жаттығу басталғанға дейін киеді және түзетеді, аяқталғаннан кейін шешіледі;

11) Мыналарға:

калыпты атысқа келтірілмеген қарудан атуға;

атыс жетекшісінің рұқсатынсыз қаруды қабынан алуға немесе оны тапанша қаптан шығаруға;

қару оқтаулы не оқталғанына қарамастан, оны адам (адамдар) жаққа немесе оның (олардың) аяқ асты шығатын бағытына бағыттауға;

қолдағы қарумен шуға қарсы құлаққапты киюге, ретке келтіруге немесе шешуге;

ұңғыны нысана бағытына бағыттағанға дейін тежегіш ілмеге саусақ тигізуге;

атыс басшысының командасынсыз қаруды жауынгерлік немесе бос патрондармен оқтауға;

атыс орнының (полигонның) командалық пунктінде ақ жалау (фонарь) көтерулі тұрған жағдайда атыс жетекшісінің командасынсыз қауіпті бағыттарға оқ атуға және ату жүргізуге;

атыс шебінде немесе өзге де орында оқтаулы қаруды қалдыруға, сондай-ақ оны басқа адамға беруге;

егер: гильзада тот, майысқан немесе жасыл қақ болса, оқ гильзаға жеткіліксіз бекітілсе, капсюль гильза түбінің үстіне қарай шығып тұрса оқ-дәрілерді қолдануға тыйым салынады.

45. Қызметкерлер осы нұсқаманың талаптарын бұзған жағдайда оқ ату тез арада тоқтатылады. Қауіпсіздік шараларын бұзған қызметкерге «қанағаттанарлықсыз» деген баға қоя отырып, ату шебінен шығарылады.

46. ПО қызметкерлері атыс Кодексін сақтауға міндетті (қызметкер):

«Мен әрқашан қарумен қаруланғандай қараймын»;

«Қаруды ешқашан атпайтын жаққа қарай бағыттамаймын»;

«Мен ешқашан қаруды нысанаға бағыттамағанша шүріппелі тартпаны баспаймын»;

«Атудан алдын, Мен әрқашан нысананың алдында және артында кім тұрғанын тексеремін».

3-параграф. Атыс жаттығуларын және атыстарды өткізу тәртібі

47. ПО қызметкерлері бастапты жаттығуларды меңгергеннен, қаруды толық емес бөлшектеу және жинаудан сынақтарды, қарудың материалдық бөлігі және оны пайдалануда қауіпсіздік шараларынан, атыстың негіздері мен ережелері бойынша сынақтарды тапсырғаннан кейін жіберіледі.

48. Оқу атыс жаттығулары:

1) «А» санаттағы қызметкерлермен айына екі реттен кем емес тапаншадан және жылына төрт реттен кеме емес автоматтан;

2) «Б» санаттағы қызметкерлермен айына бір реттен кем емес тапаншадан және жылына екі реттен кеме емес автоматтан өткізіледі.

Қызметкерлердің санаты ІІМ-нің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 95 қбпү бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру қағидасымен анықталады.

49. Үйренушілердің даярлық деңгейіне байланысты арнайы даялық бөліністерінің қызметкерлері оқ-дәрілердің қажетті нормасын ескере отырып (сонымен қатар айына бір реттен кем емес өткізіледі), лауазымдық міндеттерді қарусыз атқаратын қызметкерлер үшін атыстардың санын қайта бөле алады (олардың даярлық деңгейіне байланысты атыс оқу-жаттығуларының саны туралы шешім қабылдайды).

50. Оқу жаттығулары оны орындау шарттары мен тәртібін сақтаған кезінде орындалды деп есептеледі. Егер жаттығуды орындаған кезінде қызметкерді жаракаттауына немесе қарудың істен шығуына алып келетін қауіпсіздік шаралары бұзылған және қате жіберілген немесе атыс басшысының талабы орындалмаған болса жаттығу тоқтатылады және қызметкерге «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

51. Оқу жаттығуларын орындау кезінде ПО-да қарулануда бар ашық және жабық түріндегі түрлі белге тағатын тапанша қаптар үшін уақыт нормативтері қарастырылған.

52. Атыс даярлығының қажетті дағдыларын пысықтау мақсатында атыс (сабақ) басшылары оқу учаскелерінде оқ-дәрілердің қажетті нормаларын ескере отырып, бір практикалық сабақта атыс бағдарламаларының бірнеше жаттығуларын пысықтауы мүмкін.

53. Атыстар тирлерде немесе оқу орындарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізіледі. Сонымен қатар, мыналар:

қауіпсіздік аумағы – қауіпсіз бағыты мен шегаралары анық белгіленген қарумен техникалық (бос) жаттығуға арналған орын (жауынгерлік патронды пайдалануға тыйым салынады);

қарулану және қарусыздану аумағы – қаруланған қарумен жүретін қызметкерлерге қаруды қаруландыру және қарусыздану аумағы;

бастапқы шеп – кезекті ауысымды сапқа тұрғызуға және дайындауға арналған орын, ол тылда атыс шебінен (5-10 м) қауіпсіз қашықтықта орналасады;

атыс шебі – орындалатын жаттығулардың шарттары бойынша ату жүргізуге рұқсат етілген орын;

жауынгерлік қоректену пункті – нысаналарды қарау және қолданылмаған оқ-дәрілерді есепке алу, беру және тапсыру орны, ол тылда бастапқы шептен 10-15 қашықтықта орналасады;

нысаналар шебі – нысаналық жағдай құрылған атыс жаттығуларын орындау үшін дайындалған учаске;

қауіпсіздік бұрышы – қарудың тұтқасын алып шығуға тыйым салатын бұрыш;

нысаналарды қарау шебі – нысаналарды қарауға және ату нәтижелерін бағалауға арналған орын, ол нысана сызығынан 1,5 - 2 м қашықтықта орналасады.

нысана – атыс жаттығуларын орындау кезінде жою объектісі болып табылатын нысан түрінде берілген жасанды нысана. Нысаналарда жеке аймақтарды сызықпен белгілеген кезде аталған аймақ сынақ (габаритті) аймағы болып есептеледі, оның шегінен тысқары жерге тигізу есепке алынбайды.

Бастапқы және атыс шептері, сондай-ақ жауынгерлік қоректенудің пункті ені 5-10 см сызықпен немесе сілтемелермен белгіленеді.

54. Атыс даярлығы бойынша практикалық сабақтарды өткізу үшін осы Тәлімгерлікке 6-қосымшасына сәйкес атыс жаттығуларды орындау үшін нысаналардың үлгілері бойынша дайындалған нысаналар пайдаланылады.

55. Жаттығу атыс жүргізу бұрыштарын ескере отырып, құрылған болуы керек. Нысаналардың және нысаналық тағандардың және кез келген мүмкін болған рикошеттің қауіпсіз құрылуына көңіл бөлу керек. Жаттығуларды құру кезінде оқ қағарлардың және жанындағы оқтан қорғайтын қабырғалардың мөлшері мен орналасуын мүмкіндігінше ескеру қажет. Егер ол орнатылмаған болса, қауіпсіздік бұрышы барлық бағытта 90

градусты құрайды, нысаналық алаңның ортасына қатаң фронтальді бағытталған үйренушілердің алдын анықталған.

56. Тапаншадан ату кезінде картон (қағаз) немесе металл емес (резина, жұқа пластик және т.б.) нысаналарға дейінгі ұзақтық атыс шебінен үш метрден жақын болмауы керек. Атыс шебінен металл нысаналарға немесе құрылғыларға дейінгі қашықтық:

тапаншадан 8 метрден жақын емес;

автоматтан 51 метрден жақын емес;

арнайы қарудан, бөлшектен және бытырадан 6 метрден жақын емес қашықтықты құрауы керек.

Сонымен қатар, нысаналар оларға атқан кезінде «барынша көрінетін», үйренуші қауіпсіздік бұрышын «жаруға» жол бермейтіндей етіп орналастырылады.

57. Бір атыс желісінен бірнеше қызметкерлердің бір уақытта атуын талап ететін жаттығуда ең аз қашықтық қамтамасыз етіледі: әрбір қызметкердің арасы тапанша үшін – 1.5 метр, автомат үшін – 3 метр.

58. Нысаналарды орналастыру кезінде бір оқпен бірнеше картон (қағаз) нысаналарды тесіп өту мүмкіндігін болдырмау керек.

59. Картон (қағаз) нысаналарды металл нысаналармен болат нысаналарға тиген рикошеттің сынықтары нысаналарды зақымдамайтындай етіп орналастыруы (немесе баспаналармен қорғауы) керек.

60. Қауіпсіз дизайн, құрылыс және кез келген жаттығудың талаптары осы Тәлімгерліктің қауіпсіздік шаралары талаптарына сәйкес сақталады.

61. Жаттығуларды орындау кезінде мыналар анықталады:

1) үйренушілердің дайындық жағдайы (страт позициясы);

күту тұрысы – тапанша кеуде тұсында болады, тұтқасы нысанаға 90° бұрышпен орналасқан, саусағы ұңғы жақтауынан тыс бекітпеде орналасқан;

төменгі әзірлік – үйренуші нысанаға қарап қарсы алдында тұрады, атыстың жазықтығы қарудың тұтқасы 45° бұрышпен төмен қарай бағытталған, саусағы ұңғы жақтауынан тыс бекітпеде орналасқан;

қауіпсіз тұрыс – қызметкер қарама-қарсы тұрыста тұрады, сол қолы кеуденің тоғысуы аумағында алақанымен қысады, күшті қолы қарумен әлсіз қолының үстіне қойылады, бекітпенің артқы жағы әлсіз қолының үлкен саусағымен басады, тұтқасы қызметкердің бір метр ұзақ төменгі бұрышына бағытталған;

патруль (автомат үшін) – үйренуші қызметкер қарама-қарсы тұрыста тұрады, қару кеудесіне жақын, тұтқасы төмен қарай аяғынан бір метр ұзақ орналасқан, күшті қолы тапаншаның сабынан ұстаған, саусағы ұңғы жақтауынан тыс жерде, әлсіз қолы қарудың сабын басып тұрады (автоматтың бауы мойын арқылы өтеді)

2) қарудың дайындық тұрысы:

Тапанша үшін

№ 1 дайындық тұрысы – қызметкер нысанаға қарап тұрады, қару кобураға салынған, оқталған оқжатар тұтқа негізі салынған, патронды

оқтықта (шүріппелі тапаншада шүріппесі қайта белсендіріледі);

№ 2 дайындық тұрысы – қызметкер нысанаға қарап тұрады, қару тапанша қапты салынған, оқталған оқжатар тұтқа негізі салынған, оқтықта оқ жоқ;

№ 3 дайындық тұрысы – қызметкер нысанаға қарап тұрады, қару қаруланбаған және тапанша қапқа салынған, оқталған оқжатар кіші сөмкеде немесе басқа жерде.

Автомат және тегіс ұңғылы қару үшін

№ 1 дайындық тұрысы – қаруланған оқжатар қаруға қосылған, патронды оқтықта, сақтандырғыш қосылған;

№ 2 дайындық тұрысы – оқталған оқжатар қаруға қосылған, патронды оқтықта жоқ, сақтандырғыш қосылған;

№ 3 дайындық тұрысы – оқталған оқжатар кіші сөмкеде немесе басқа жерді, патронды оқтықта жоқ, сақтандырғыш қосылған;

3) тұрыс – еркін, қарама-қарсы;

4) ұстауы (тапанша үшін). Тапаншаны екі рет қапсыра ұстағанда күшті қолы сапты ұстап тұрады. Әлсіз қолының алақандары 45° бұрыш білекке қарай төмен бүгіледі және күшті қолдың алақанын жабады.

Әлсіз қолдың көрсететін үшінші саусақ сүйектері ағытқыш ілгектің төменгі жағына нық тіреледі. Әлсіз қолдың саусақтары күшті қолдың ұстағанына нық сүйенеді. Тапаншаны ұстау бойынша күш шамамен 60 % әлсіз және 40% күшті қолға түседі. Әлсіз қолдың үлкен саусағы бос және нысаналар тарапына бағытталған. «Күшті» қолдың үлкен саусағы тапаншаның бекітпесі паралель орналасады. Күшті қолдың үлкен саусағы және әлсіз қолдың алақаны арасында саңылау болмауы керек.

62. Бөлініс басшылары бекітілген қаруды алған жеке құрамды атыс өткізілетін орынға баруын және қайтып келуін бақылауды қамтамасыз етеді.

63. Атыстарда нысанды киім үлгісі белгіленеді:

тирде – күнделікті киім үлгісі;

шығатын атыстарда – күнделікті киім үлгісі, белгіленген киім үлгісі бар болған жағдайда бүркемелі киім үлгісі.

Киім үлгісін кимейтіндерді атқаратын міндеттерінің ерекшеліктеріне байланысты нысанды киім үлгісін кию көзделмеген қызметкерлерден басқалары құрайды.

64. Қызметкерлер түзу, қалыпты атуға келтірілген қарудан атады. Қалыпты атуға келтірілмеген қарудан атуға тыйым салынады.

65. Қызметкерлер оқу орталығына (ату алаңына) келгеннен кейін атыс басшысының командасы бойынша пунктте ақ туды көтереді (тәуліктің қараңғы уақытында – ақ қолшам). Ауысым бастапқы шепке шықаннан кейін және атысты тоқтату туралы командаға дейін («Тоқта», «Тоқта, атысты тоқтат», «Доғар») ақ тудың орнына қызыл ту (түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) – қызыл фонарь) орнатылады немесе көзбен көретін сигналдық құрылғының (КСК) қызыл жарты шеңбер ашылады.

66. Көзделген жерге тимегенін хабарлайтын техникалық құралдарды пайдалана отырып, атыс жүргізген жағдайда, нысананы қарау жүргізілмеуі

мүмкін, атушылардың әр жолғы ауысымының атысы біткеннен кейін «Еркін тұр» сигналы (ақ жалау) берілмеуге болады. Сонымен қатар, қызыл жалау (КСҚ қызыл жарты шеңбер) ауыстырылмайды. Атушылардың кезекті ауысымы, бұл жағдайда ату жаттығуларын атыс басшысының командасымен орындайды. Көздеген жерге тиген-тимегені жөнінде хабарлама болмаған жағдайда нысананы қайта-қайта қарауды атыс басшысы белгілейді (кешенді, бақылау және жоспардан тыс тексерулер кезінде, олардың тимегені жөнінде хабар болғанына қарамастан нысананы қарау тексерушінің шешімімен жүргізіледі).

67. Атыс орнында (атыс алаңында) атысты түнгі уақытта ұйымдастыру және өткізу барысында белгілер орнатылады: көздейтін аймақтың түбінде әсіресе атыс бағытына әр участікке жасыл түсті сәулелі бағыттама қойылады; қапталдарда – қызыл түсті фонарьлар, атыстың қауіпті бағыттарының шегін көрсетеді. Атып жатқан ауысымға келесі фонарьлар қойылады: бастапқы шенде – ақ түсті, атыс шенінде – қызыл түсті. Түнде көздейтін және түнде көретін құралдары бар үйренушілер, жаттығуларды аталған құралдарды пайдаланып орындайды. Қызметкерлер атыс жаттығуларын үнемі орындайтын жедел-қызметтік тапсырмалардың ерекшелігіне қарай, арнайы қорғану құралдарын пайдалана отырып орындаулары керек.

68. Тирде түнгі уақыттағы жағдайға ұқсас жағдайдағы жаттығулар қызметкердерің дайындық деңгейіне, жедел-қызметтік тапсырмалардың ерекшелігіне қарай пысықталады. Сонымен қатар, атыс басшылары төтенше жағдайларды болдырмайтын барлық қажетті қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етеді.

69. Тапаншамен, оның құрамды бөліктерімен және оқ-дәрілерімен атыс барысында берілген команда бойынша қарумен іс-әрекет:

- 1) қаруды оқжатарда және оқтықта патрон бар-жоғын тексереді;
- 2) көру және есіту органдарын қорғау қамтамасыз етіледі;
- 3) жаттығуды орындаудан бастар алдында атыс басшысы ауысымның дайындығын тексереді және ауысымға оқ-дәрілер беру жөнінде таратушыға команда береді;
- 4) атыс басшысының командасы бойынша таратушы оқ-дәрілерді береді;
- 5) тыңдаушы оқ-дәрілерді алғаннан кейін атыс басшысы белгілеген команданы орындайды;
- 6) бастапқы шепте атыс басшысы жаттығуларды орындау тәртібіне сәйкес әр тыңдаушының мақсатын, ату жағдайын, атыс түрін белгілейді, жаттығуды орындау тәртібін анықтайды (атыс шептерін, қозғалыс бағытын және атыс кезегін);
- 7) атыс басшысының «Ауысым атыс шебіне қадам (жүгір) - бас» командасы бойынша тыңдаушылар атыс шебіне жылжиды және бастапқы жағдайды қабылдайды (бет жағымен нысанаға).

Оқжатарды ауыстыру жаттығуларын орындау кезінде екінші оқжатар оқжатарға арналған жеке кіші сөмкеге салынады;

8) «Қаруды оқта, дайындал» командасы бойынша үйренуші тапаншаны тапанша қаптан шығарады, оқталған оқжатарды тапанша сабының негізіне салады, тапаншаны тапанша қапқа салады немесе патронды оқтыққа жібереді, жаттығудың шартына байланысты атуға арналған тұрысты қабылдайды;

9) «Ат» командасы бойынша үйренуші тапанша қаптан тапаншаны шығарады, сақтандырғышты алады, патронды оқтыққа жібереді және жаттығуды орындаудың шарттары мен тәртібіне сәйкес көздеп атады. Атыс аяқталғанда тыңдаушы тежегіш ілмеден саусағын алып, қаруды нысана бағытында ұстайды.

10) шектелген уақытта атыс жағдайында, жаттығуды орындаудың нормативті уақыты аяқталғанда «Доғар», немесе «Тоқта» командасы беріледі, осыдан кейін атушы атысты тоқтатуға міндетті немесе жаттығулардың шарттарына байланысты қалған оқ-дәрілерін атады;

11) атыс аяқталғаннан кейін қызметкер саусағын тапаншаның ағытқыш ілгегінен алады тапаншаны «күту тұрысы» қояды, бұдан әрі қарудың оқталғанын тексереді және атыс басшысының командасы бойынша оны тапанша қапқа салады;

12) үйренуші атыс басшысының «Қаруды оқта, тексер, тапанша қапқа сал» командасы бойынша: оқжатарды саптың негізінен ажыратады, сосын бекітпені бірнеше рет тартады, артқы жағынан патронды оқтың бар-жоғын көзбен қарайды, сақтандырғышты қосады, тапаншаны тапанша қапқа салады және оны бекітеді. Жерге түскен оқ-дәрілерді атыс басшысының командасынан кейін көтереді;

13) кейбір жағдайларда атыс жүргізуді уақытша тоқтату қажеттілігі туындауы мүмкін; сонымен қатар «Доғар, атысты тоқтат» командалары беріледі. Осы командасы бойынша атыс тоқтатылады және сақтандырғышты қосады; атысты жалғастыру үшін «Ат» командасы беріледі, үйренуші қаруды сақтандырғыштан алады, шүріппені жауынгерлік тұрысқа келтіреді, атысты жалғастырады немесе өзі оқтап атады;

14) «Қаруды тексеруге» командасы бойынша үйренуші бекітпені соңына дейін артқы тұрысқа қояды және оны бекітпе ұстағышқа қояды, оқжатарды саптың негізінен ажыратады. Оқжатарлар әлсіз қолда болады (екі оқжатар бірге, әпергіштері өзінен кейін бір деңгейде ұсталады), күшті қолдың қаруы көрсететін саусақ бекітпенің үстенен ұңғы жақтауынан тыс жерде орналасқан, тапанша мен оқжатар нысанаға (мақсатқа) бағытталған 90° бұрышта қолын жартылай бүгілген күйде ұстайды;

15) «Тексерілді, қаруды кабураға сал» командасы бойынша үйренуші бекітпені бекітпе ұстағыштан шешеді (әлсіз қолдың немесе көрсеткіш және үлкен саусағымен бекітпенің тұтқасында орналасқан бедерде ұстайды, сондай-ақ күшті қолымен оны алдына итере отырып, тапаншаның сабын ұстайды), ағытқыш ілгекті нысанаға қарай бақылау (бос) ағытады, сақтандырғышты қосады, тапаншаны тапанша қапқа, оқжатарды кіші сөмкеге салады;

16) нысаналарды тексеру «Ауысым нысанаға адым (жүгір) - бас» командасы бойынша жүргізіледі.

70. Автоматпен ату кезінде берілген команда бойынша қарумен, оның құрамды бөліктерімен және оқ-дәрілерімен іс-әрекет (оқ-дәрілерді беру, алу, тексеру, автоматтан ату кезіндегі жаттығуларды орындаудың мақсаттарын, нұсқауларын, тәртібін және шарттарын айқындау тапаншамен ату кезіндегі ұқсас ережелерге сәйкес келеді:

1) «Оқжатарды жабдықтау» командасы бойынша үйренуші оқжатарды патрондармен жабдықтайды және сөмкеге салады;

2) «Оқта» командасы бойынша үйренуші автоматқа оқталған оқжатарды орнатады және атысқа дайын екендігін баяндайды;

3) «Ат» командасы бойынша үйренуші қорғағышты ажыратады, патронды оқсалғышқа салады, арудың талап етілетін түрін белгілейді және жаттығуларды орындау талаптарына және тәртібіне сәйкес көздеп атады, ату аяқталғаннан кейін қаруды сақтандырғышқа қояды және бұдан әрі атыс басшысының командасын күтеді;

4) «Алға» командасы бойынша үйренуші атыс шебіне жылжиды, ату үшін жағдайды қабылдайды, қажетті атыс түрін аудармашы арқылы орнатады, патронды оқсалғышқа салады және жаттығуларды орындаудың талаптарына және тәртібіне сәйкес көздеп атады.

5) «Қаруды тексеруге» командасы бойынша үйренуші оқжатарды ажыратады, затворлы қаңқаны соңғы бұрынғы жағдайға жылжытады және автоматты және оқжатарды тексеруге ұсынады;

6) «Тексерілді» командасы бойынша үйренуші бекітпе жақтауын жібереді, қаруды нысанаға бағыттап ағытқыш ілгекті жіберіп бақылау (бос) атыс жүргізеді, сақтандырғышты қосады, оқжатарды кіші сөмкеге салады;

7) «Оғын ал» командасы бойынша үйренуші оқжатарды ағытады, патронды оқсалғыштан шығарады, нысана бағытына ілмекті қорытындылай басады, қорғағышты қосады, оқжатардан патронды шығарады және магазинді қаруға қосады, түскен оқты көтереді;

8) ауысым, қажет болған жағдайда атыс басшысының командасымен нысананы тексереді.

71. Автоматпен орындалатын барлық жаттығулар кезінде автоматтың тұтқасы нысанаға қарап тұрады. Тапанша сабы күшті қолымен ұстайды, барлық іс-қимылдар (қосу, оқжатарды ажырату, сақтандырғыштан алу және атыс режимін орнату, автоматтың шетмойнын ұстайды) әлсіз қолымен орындалады.

72. Оқ-дәрілер толық жұмсалмаған жағдайда үйренуші жұмсалмаған оқ-дәрілерді таратушыға өткізуге міндетті, ол бұл жайында атыс басшысына баяндайды.

73. Атыстар аяқталғаннан кейін атыс басшысы қаруды тазалауды және майлауды ұйымдастырады, одан кейін қару бөліністер бойынша кезекшіге сақтауға тапсырылады.

4-параграф. Атыс жаттығуларының түрлері мен мақсаты

74. Атыс жаттығулары:

бастапқы жаттығуларды;
оқу атыстарының жаттығуларын;
қосымша жаттығуларды;
бақылау жаттығуларын;
әскери-спорттық атыс жаттығуларын қамтиды.

75. Бастапқы жаттығулар атыс даярлығының бастапқы кезеңінде орындалады. Бастапқы жаттығуларды орындау кезінде атысқа дайындық, оқу қаруымен атыс тәсілдері (мультимедиялық және интерактивті тирлерді пайдалана отырып), «бос» атыс пысықталады. Оқу және бақылау жаттығуларын тиімді орындау үшін орындауда қажетті бұлшық еттердің нығаюын қамтамасыз ететін мерген ату техникасы қарумен дұрыс атыс іс-қимылдарын даярлық жаттығулардың кешені әзірленеді. Сонымен қатар, атыс тек бір орында тұрып орындалады.

76. Оқу атыс жаттығуларына қимылсыз нысаналар бойынша атыс қаруынан атуға арналған қызметкерлердің бірізділікпен оқыту үшін үйренушілердің шеберліктерін және дағдыларын қолдау және жетілдіруге бағытталған.

77. Бақылау атыс жаттығулары қызметкердің атыс даярлығын бағалауға арналған бақылау жаттығулары қызметкерлердің қарумен қажетті дағдылары мен іс-қимылдарын қолдау және жетілдіру, олардың атысты үйренуінің дәрежесін анықтайды.

78. Қосымша жаттығулар қызметтік міндеттерді жылдың және тәуліктің кез-келген уақытында, сондай-ақ физикалық және психикалық жүктемелердің аясында орындау кезінде туындаған шынайы жағдайға барынша жақындатылған жағдайда қаруды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаудың бар тұрақты дағдыларын атыстың бастапқы және оқу жаттығу бағдарламаларын орындайтын қызметкерлерді оқыту үшін арналған.

ПМ Арнайы даярлық департаментінің келісімі бойынша ПД арнайы даярлық бөліністерінің нұсқаушылар құрамы қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін сақтай отырып, жаттығуларды әзірлеуі және бектуі мүмкін. Сонымен қатар, жаттығуларды пысықтау үшін қарулардың және техникалардың, нысаналар мен нысаналық құрылғылардың барлық түрлерін пайдалануға рұқсат етіледі.

79. Жауынгерлік қарудан әскери-спорттық атыс жаттығулары сайыс түрінде жүргізіледі. Жауынгерлік қарудан ату бойынша әскери-спорттық сайыстардың мақсаты – қызметкерлердің жігерін және жеңіске талпынуға, түрлі кәсіби тәсілдерін және жаттығуларын орындау мүмкіндіктерін жетілдіруге, спорттың жауынгерлік жағдайын физикалық және психикалық жүктемелерге шыдауға тәрбиелеу. Қызметкерлердің қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауын даярлауға ықпал ететін шектеулі уақытта нысананы игеруде тиімді атыс жүргізудің нақты дағдыларын иелікке алу, атыстың мергендігі мен тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

3-тарау. Атыс даярлығын бағалау

1-параграф. ПО қызметкерлерінің атыс даярлығын бағалау

80. Қызметкерлердің атыс даярлығы:

1) оқу сабақтарында (атыс жаттығуларын орындау кезінде);
2) жеке жаттығулар мен бөлімдерді меңгеру деңгейін анықтау мақсатындағы бақылау-тексеру сабақтарында (уақыттың белгіленген кезеңінде оқу қорытындалы бойынша);

3) бақылау атыстарда: инспекциялау немесе тексеру кезінде; оқытудың жылдық қорытындылары бойынша; біліктілік атақтарын беруге (растау) сынақтар, аттестаттау, кезектен тыс аттестаттау, атыс қаруын қолдану және пайдаланумен байланысты іс-қимылдарға жарамдылығына басқа да сынақтар өткізу кезінде бағаланады.

81. Қызметкерлердің атыс даярлығы деңгейін аралық тексеру қаруды қолданудың заңдылығын тексеру, қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, тактика-техникалық сипаттамасы, сондай-ақ атыс даярлығының нормативтері орындалатын күнтізбелік жылдың екінші тоқсанында жүргізіледі.

82. Аралық сынақтардың нәтижелері бойынша қызметкерлердің бақылау жаттығуларының нормативтерін тапсыруға рұқсат беру туралы шешім қабылданады.

83. Аралық сынақтардың нәтижелері бойынша бақылау сынақтарға жіберілмеген қызметкерлер арнайы даярлық бөліністерімен, олар болмаған жағдайда кәсіби даярлыққа жауапты бөліністермен бақылауға алынады. Осы қызметкерлер қорытынды сынақтарды қабылдағанға дейін бақылау жаттығуларына рұқсат алу үшін қажетті нормативтерді ай сайын тапсырады. Қызметкерлер белгіленген нормативтерді орындамаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» қорытынды бағасын қойып, қорытынды сынақтарға жіберілмейді.

84. Қызметкерлердің атыс даярлығының қорытынды тексеру деңгейі атыстың бақылау жаттығуларын орындау жолымен жүргізіледі.

85. Біліктілік атағын беру (растау), аттестаттау, инспекторлау және басқа сынақтар кезінде қызметкердің жылдың қорытындысы бойынша жеке бағасы ескеріледі.

86. Дәлелді себептермен жалпы тәртіпте бақылау жаттығуларын тапсыруға қатыспаған ПО қызметкерлер, оларды қосымша күндері белгіленген жеке тәртіпте тапсырады.

87. Егер жаттығу қарудың, оқтардың, нысана жабдығының жарамсыздығына байланысты немесе атушыға тәуелді емес басқа да себептер бойынша орындалмаса, онда тексерушінің немесе атыс басшысының рұқсатымен жаттығу қайта орындалады.

88. Атыс нәтижелерін анықтау кезінде егер оқтың калибрі габарит сызығының ішкі жағын жауып қалса немесе жанап өтсе, нысаналардың оқ өткен жері үлкен жетістікпен есепке алынады.

89. Ведомствалық білім беру ұйымдарының ауыспалы жеке құрамының атыс даярлығының жеке бағасы тиісті оқу жылы үшін жұмыс бағдарламасында көзделген бақылау жаттығулары бойынша анықталады.

2-параграф. ПО бөліністерінің атыс даярлығын бағалау

90. ПО бөліністерін, Ішкі істер министрлігін (бұдан әрі - ПМ) ведомстволық білім беру ұйымдарын бағалау барлық жеке құрамның қорытынды бағасының негізінде шығарылады (ПМ ведомстволық білім беру ұйымдарында тұрақты құрам), таңдап тексерілген қызметкерлердің (жеке құрамның 30 % пайызынан, сонымен қатар қызмет басшыларын 10 % кем емес) атысы үшін жеке бағаларының негізінде қойылады және анықталады:

1) «өте жақсы» – егер 90 пайыздан кем емес оң баға алса, бұл ретте тексерілетін қызметкерлердің жартысы «өте жақсы» деген баға алған болса;

2) «жақсы» – егер 80 пайыздан кем емес оң баға алса, бұл ретте тексерілетін қызметкерлердің жартысы «жақсы» деген баға алған болса;

3) «қанағаттанарлық» – егер тексерілетін қызметкерлердің 70 пайызы оң баға алса;

4) «қанағаттанарлықсыз» – егер тексерілетін қызметкерлердің 70 пайыздан азы оң баға алса.

91. ПД, ҚАЖД, ЖПҚ-ның атыс даярлығы бойынша бағалары тексерілген ПО бөліністердің алған бағаларынан шығарылады және анықталады:

«өте жақсы» – егер тексерілген бөліністердің жартысы және көбі «өте жақсы», ал қалған бөліністер «жақсы» деген баға алса;

«жақсы» – егер тексерілген бөліністердің жартысы және көбі «жақсы» деген бағадан төмен емес, ал қалғандары «қанағаттанарлық» деген баға алса;

«қанағаттанарлық» – егер бірден көп емес тексерілген бөлініс «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса;

«қанағаттанарлықсыз» – барлық қалған жағдайларда.

4-тарау. Тапаншадан және автоматтан ату жаттығулары

1-параграф. Тапаншадан және автоматтан бастапқы ату жаттығулары

92. **№ 1-жаттығу.** Тапаншадан орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: дөңгелегі бар жасыл түсті кеуде пішінді № 4 нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 15 м.

Оқ саны: 5 дана.

Қарудың жағдайы: № 3 (қару оқталған, тапанша тапанша қапта, оқ-дәрілер оқтықта).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып екі қолымен.

Уақыт: шектелмеген.

Орындау тәртібі:

Атыс басшысының командасы бойынша қызметкер оқжатарды бес патронмен жарактайды, оны саптың негізіне салады, патронды оқтыққа жібереді күту тұрысын қабылдайды. «Ат» командасы бойынша нысанаға бір рет атады. Әрбір атқаннан кейін күту тұрысын қабылдайды.

Жаттығуды орындау уақытында ағытқыш ілгекті дұрыс пысықтауға, көздеуге, тыныс алуды бақылауға, дене бөлігінің жағдайына назар аударуы керек.

Жаттығуды орындау аяқталғаннан кейін қызметкер күту тұрысын қабылдайды. Атыс басшысының «Қарудың оғын ал, тексер, тапанша қапқа сал» командасы бойынша қызметкер қарудың оғын шығарады, тексереді және тапанша қапқа салады.

Басшы атыс кезінде жіберілген қателерін көрсетеді және оларды жою тәсілдерін түсіндіреді.

93. № 2-жаттығу. Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға тапаншадан ату.

Нысана: дөңгелегі бар кеуде пішінді № 4 нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 15 м.

Оқ саны: 5 дана.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып екі қолымен.

Уақыт: 30 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 43-50 ұпай;

«жақсы» - 36-42 ұпай;

«қанағаттанарлық» - 28-35 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды бес оқпен оқтайды, оны саптың негізіне салады, кабуғара салып қояды. «Ат» командасы бойынша қаруды тапанша қаптан алады, патронды оқтыққа жібереді және нысанаға бес рет атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

Басшы атыс кезінде жіберілген қателерін көрсетеді және оларды жою тәсілдерін түсіндіреді.

94. № 3-жаттығу. Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға автоматтан ату.

Нысана: дөңгелегі бар кеуде пішінді нысана № 4 нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м.

Оқ саны: 5 дана.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: жатып қолымен.

Уақыт: шектелмеген.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды бес оқпен оқтайды, оқжатарды салады және «жату» тұрысын қабылдайды. «Ат» командасы бойынша сақтандырғышты ағытады, оқты оқтыққа жібереді және нысанаға біртіндеп атады. Үйренуші әрбір атқаннан кейін саусағын ағытқыш ілгектен алады, келесі атысқа икемделеді және дайын болғанда атысты жалғастырады. Атыс жаттығуларын орындау уақытында: ағытқыш ілгекті дұрыс пысықтауға, көздеуге, тыныс алуды, дене бөлігінің тұрысын бақылауға назар аудару керек. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

Басшы атыс кезінде жіберілген қателерін көрсетеді және оларды жою тәсілдерін түсіндіреді.

95. **№ 4-жаттығу.** Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға автоматтан ату.

Нысана: дөңгелегі бар кеуде пішінді №4 нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м.

Оқ саны: 5 дана.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып қолымен.

Уақыт: 30 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» – 43-50 ұпай;

«жақсы» – 36-42 ұпай;

«қанағаттанарлық» – 28-35 ұпай.

Орындау тәртібі:

Үйренуші атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды бес оқпен оқтайды, оны саптың негізіне салады, кабуғара салады және «тұру» тұрысын қабылдайды. «Ат» командасы бойынша сақтандырғышты алады, патронды оқтыққа жібереді және нысанаға бес рет атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін бақылау тартпа жасайды, сақтандырғышқа қояды. Қолына алады және оқжатарды кіші сөмкеге салады.

2-параграф. Тапаншадан атудың оқулық жаттығулары

96. **№ 5-жаттығу.** Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 10 м.

Оқ саны: 3 дана.

Қайталау саны: 3 рет.

Қарудың жағдайы: № 1 (қару оқталған, патрон оқтықта).

Атуға арналған жағдай: «төменгі дайындықтан» түрегеліп тұрып.

Уақыт: 6 секунд

Бағалау: «өте жақсы» – 13-15 ұпай;

«жақсы» – 10-12 ұпай;

«қанағаттарлық» – 7-9 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;

Д аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Үйренуші атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды үш патронмен жарақтайды. «Қаруды оқта, дайындал» командасы бойынша патронды оқтыққа салады және күту тұрысын қабылдайды. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, нысанаға үш рет көздеп атады. Жаттығуды орындауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін атыс басшысы «Доғар» командасын береді. «Доғар» командасынан кейін атыс аяқталады. Қызметкер саусағын ағытқыш ілгектен алады және қарудың

тұтқасын өзінің нысанасына қараған бағытта ұстайды. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын алады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

97. **№ 6-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға қаруды тапанша қаптан алып ату.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 7 м.

Оқ саны: 1 дана.

Қайталау саны: 3 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

Уақыт: ерлер үшін - 5 секунд;

әйелдер үшін – 7 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 13-15 ұпай;

«жақсы» - 10-12 ұпай;

«қанағаттарлық» - 7-9 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;

Д аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды бір патронмен жарактайды, саптың негізіне оқжатарды қояды, тапанша қапқа салады. «Ат» командасы бойынша секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны кобурадан алады, сақтандырғышты ағытады, оқты оқтыққа жібереді, бір рет көздеп атады. Келесі қайталаулар осындай тәртіпте орындалады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады, тексереді және тапанша қапқа салады.

Егер үйренуші орындаудың уақытын асырып жіберсе тигізулер есептелмейді.

98. **№ 7-жаттығу.** Берілген тигізу аумағына бірден екі рет және бақылау атыстары.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 7 м.

Оқ саны: 3 дана

Қайталау саны: 3 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

Уақыт: ерлер үшін - 8 секунд;

әйелдер үшін – 10 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 13-15 ұпай;

«жақсы» - 10-12 ұпай;

«қанағаттарлық» - 7-9 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;
D аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды үш патронмен жарақтайды, оқжатарды саптың негізіне салады, тапанша қапқа салып қояды. «Ат» командасынан кейін бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны кобурадан алады, сақтандырғышты қосады, патронды оқтыққа жібереді, кеуде аясына екі рет атады және басына бір рет бақылау атады. Жаттығуды орындау уақыты аяқталғаннан кейін атыс басшысы «Доғар» командасын береді. «Доғар» командасын бергеннен кейін атыс аяқталады. Қызметкер саусағын ағытқыш ілгектен алады және қарудың тұтқасын нысанаға бағыттап атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін кобураға салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

99. **№ 8-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға оқжатарларды қайта оқтап ату.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 10 м.

Оқ саны: 2 дана

Қайталау саны: 4 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патрон оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

Уақыт: ерлер үшін - 13 секунд;

әйелдер үшін – 16 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 8-10 ұпай;

«жақсы» - 6-7 ұпай;

«қанағаттарлық» - 4-5 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;

D аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Үйренуші атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарларды бір патроннан жарақтайды, оқжатарды саптың негізіне салады, тапанша қапқа салып қояды, екінші оқжатарды кіші сөмкеге салады. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны тапанша қаптан алады, сақтандырғыштан алады, патронды оқтыққа жібереді бір рет көздеп атады, оқжатарды тактикалық ауыстырады, патронды оқтыққа жібереді және екінші рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін кобураға салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

100. **№ 9-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға «күшті» және «әлсіз» қолдарымен ату.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана

Нысанаға дейінгі қашықтық: 7 м.

Оқ саны: 2 дана

Қайталау саны: 4 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патронды оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

Уақыт: ерлер үшін - 8 секунд;

әйелдер үшін – 10 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 8-10 ұпай;

«жақсы» - 5-7 ұпай;

«қанағаттарлық» - 3-4 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;

Д аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды екі патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салады, тапанша қапқа салады. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны тапанша қаптан алады, сақтандырғыштан алады, патронды оқтыққа жібереді «күшті» қолымен бір рет көздеп атады, қаруды «әлсіз» қолына ауыстырады және екінші рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін кобураға салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

101. **№ 10-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға «күшті» және «әлсіз» қолдарымен ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысанасы

Нысанаға дейінгі аралық: 15 м.

Оқ саны: 3 дана

Қайталау саны: 3 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патрон оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып, «төменгі тұрыс», жатып.

Уақыт: ерлер үшін - 13 секунд;

әйелдер үшін – 15 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - 3 рет тигізу;

«жақсы» - 2 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - 1 рет тигізу;

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды үш патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салады, тапанша қапқа салады. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны тапанша қаптан алады, сақтандырғыштан

алады, патронды оқтыққа жібереді және түрегеліп тұрып бір рет көздеп атады, «төменгі тұрысты» тұрады және екінші рет көздеп атады, сосын жатып (ішпен жатып) үшінші рет атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

102. **№ 11-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Метрикалық» арнайы нысана

Нысанаға дейінгі аралық: 7 - 15 м.

Оқ саны: 2 дана

Қайталау саны: 4 рет.

Қарудың жағдайы: № 3 (оқталған, патрон оқтықта жоқ, оқжатарлар кіші сөмкеде).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

Уақыт: - 6 секунд;

Бағалау: «өте жақсы» - 8-10 ұпай;

«жақсы» - 5-7 ұпай;

«қанағаттарлық» - 3-4 ұпай.

Сынақ аумағы: А аумақ – 5 ұпай;

С аумақ – 3 ұпай;

Д аумақ – 1 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне 15 метрге барады, басшының командасы бойынша оқжатарды екі патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салады, патронды оқтыққа жібереді және «төменгі даярлық» тұрысын қабылдайды. «Алға» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер жартылай отырған күйде шепке дейін 7 метрге екі рет атады.

Жаттығу аяқталғаннан кейін қаруды оқтайды және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

103. **№ 12-жаттығу.** Ауысатын позицияда панада тұрып ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер»

Нысанаға дейінгі аралық: 15–20 м.

Оқ саны: 4 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патрон оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: панада тұрып ату.

Уақыт: ерлер үшін – 15 секунд;

әйелдер үшін – 18 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» – 4 рет тигізу;

«жақсы» – 3 рет тигізу;

«қанағаттарлық» – 2 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне 20 метрге барып панаға тұрады (өлшемі 1.8 м. биіктігі x 1.5 м. ені), басшының командасы бойынша оқжатарды төрт патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салады және тапанша қапқа салады. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер тапаншаны алады, оқты оқтыққа жібереді және панада тұрып екі рет көздеп атады. Бұдан әрі «төменгі даярлықтан» келесі панаға 15 метр шебіне ауысады және панада тұрып тағы екі рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қаруды оқтайды және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

104. **№ 13-жаттығу.** Берілген тигізу аймаққа шеп бойынша оқты қосарлап ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы 2 нысана (нысаналар арасындағы қашықтық 1,5 метр).

Нысанаға дейінгі аралық: 12 м.

Оқ саны: 4 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патрон оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып ату.

Уақыт: ерлер үшін – 9 секунд;

әйелдер үшін – 12 секунд

Бағалау: «өте жақсы» – сынақ аймағына 4 рет тигізу (әрбір нысанада тесік бар болған жағдайда);

«жақсы» – сынақ аймағына 3 рет тигізу (әрбір нысанада тесік бар болған жағдайда);

«қанағаттарлық» - сынақ аймағына 2 рет тигізу (әрбір нысанада тесік бар болған жағдайда).

Екі нысанаға тигізген жағдай жаттығу орындалған болып есептеледі.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне шығады, басшының командасы бойынша оқжатарды төрт патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салып, тапанша қапқа салады. «Ат» командасынан кейін бір уақытта секундомерді қосылады, тапаншаны тапанша қаптан алады, сақтандырғышты алады, патронды оқтыққа жібереді, бірінші нысанаға екі рет атады, қаруды екінші нысанаға көздейді, дәл солай екі рет атады. Жаттығуды орындауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін атыс басшысы «Доғар» командасын береді. «Доғар» командасынан кейін атыс тоқтатылады. Үйренуші ағытқыш ілгектен қолын алады және қаруды нысанаға бағыттап күту тұрысында ұстайды. Қарудың оғын шығарады (пайдаланбаған оқ-дәрілерді тапсырады) және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін тапанша қапқа салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

105. **№ 14-жаттығу.** Физикалық және психикалық жүктемелерден кейін қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы 2 нысана (нысаналар арасындағы қашықтық 1,5-2 метр).

Нысанаға дейінгі аралық: 10 м.

Оқ саны: 4 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып ату.

Уақыт: физикалық және психикалық жүктемелерді орындағаннан кейін - 10 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - сынақ аймағына 4 рет тигізу (әрбір нысанаға 2 рет тигізу ойығы бар болғанда);

«жақсы» - сынақ аймағына 3 рет тигізу (әрбір нысанаға тигізген ойығы бар болғанда);

«қанағаттарлық» - сынақ аймағына 2 рет тигізу (әрбір нысанаға тигізген ойығы бар болғанда);

Екі нысанаға тигізгеннен кейін жаттығу орындалды деп есептеледі.

Жаттығуды орындау тәртібі:

Қызметкер 10 м атыс шебінде барады, атыс басшысының командасы бойынша оқжатарды төрт патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салып, тапанша қапқа салады және жаттығуды орындауға дайындығы туралы баяндайды. Қызметкердің атуға дайындығын тексеріп, басшы «Алға» командасын береді, осы команда бойынша қызметкер шепке дейін 20 м жүгіреді және қайтып келеді, барлығын 10 рет қайталау (10x10 әрі-бері жүгіру). Қозғалу уақытында қызметкерді алаңадатын жалпы түсінігіне қолжетімді сұрақтар қойылады (мысалы: ҚР Конституциясы, «Ішкі істер органдары туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдар қашан қабылданды, ҚР Премьер-Министрі кім, 7x7? қанша болады және т.б.), үйренуші дұрыс жауап бермеген жағдайда қосымша 20 метр қашықтық қосылады. Жүгіріп болғаннан кейін үйренуші атыс шебіне тұрады және өзінің өсіне сағат тілімен 10 рет айналады, содан кейін тіреліп жатады, 10 рет қолын бүгеді және жазады, әрбір ретте кеудесін еденге тигізеді және содан кейін қолын толық тіктейді (әйелдер 10 рет отырып тұрады). Жаттығуды орындауды аяқтағаннан кейін ату үшін тұрысты қабылдайды және атуға дайындығы туралы баяндайды. Қызметкердің атысқа дайындығын тексеріп, басшы «Ат» командасын береді, бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша қызметкер тапаншаны кобурадан алады, сақтандырғышты ағытады, оқты оқтыққа салады және әрбір нысанаға екі рет көздеп атады. Атыс басшысы белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Доғар» командасын береді. Жаттығу аяқталғаннан кейін қаруды оқтайды және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін кобураға салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

106. **№ 15-жаттығу.** Көруі шектеулі жағдайда ату (түнде).

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 7 м.

Оқ саны: 3 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың жағдайы: № 1 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып ату.

Уақыт: - 30 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - қылмыскердің сұлбасына 3 рет тигізу;

«жақсы» - қылмыскердің сұлбасына 2 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - қылмыскердің сұлбасына 1 рет тигізу,

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барып, басшының командасы бойынша оқжатарды үш патронмен оқтайды, оқжатарды саптың негізіне салады және кобураға салады. Басшы түнгі уақытқа ұқсатып жалпы жарықты сөндіреді және жоғарғы қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, «Қаруды оқта, дайындал» командасын береді. Үйренуші осы команда бойынша тапаншаны тапанша қаптан алады, патронды оқтыққа жібереді, тапаншаны нысанаға бағыттап алдына қарай ұстайды, тапаншаны ұстап тұрған күшті қолының астына әлсіз қолын салып шамды алып қосады (ҚР ПО жүйесінде арнайы-тактикалық даярлықты ұйымдастыру жөніндегі тәлімгерлік, ХАРРИСА ұстауы 46- сурет). «Ат» командасы бойынша бір уақытта шамды және қаруды нысанаға қаратады және үш рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қаруды оқтан босатады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін кобураға салады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір ату үшін нысанадағы бір (үздік) тигізу ұпайы алынады.

Ескерту: аталған жаттығу әрбір үйренушімен жеке жүргізіледі.

3-параграф. Автоматтан атудың оқулық жаттығулары

107. **№ 16-жаттығу.** Шектеулі уақытта қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 30 м.

Оқ саны: 4 дана

Қайталау саны: 5 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патрон оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып ату.

Уақыт: 15 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - сынақ аймағына 4 рет тигізу;

«жақсы» - сынақ аймағына 3 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - сынақ аймағына 2 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды төрт патронмен оқтайды, оны автоматқа жалғайды және «патруль» тұрысында болады. «Ат» командасынан кейін бір уақытта секундомерді қосады, қаруды сақтандырғыштан шешеді, патронды оқтыққа жібереді және төрт рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын шығарады және басшыға көрсетеді, содан кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға тигізген бір ұпайы алынып тасталады.

108. **№ 17-жаттығу.** Қозғалмайтын нысаналарға түрлі тұрыстан ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 30 м.

Оқ саны: 6 дана

Қайталау саны: 5 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, патронды оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тұрып, «төменгі тұрыстан», жатып ату.

Уақыт: - 20 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» - сынақ аймағына 6 рет тигізу;

«жақсы» - сынақ аймағына 5 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - сынақ аймағына 4 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды алты патронмен оқтайды, оны автоматқа жалғайды және «патруль» тұрысында болады. «Ат» командасынан кейін бір уақытта секундомерді қосады, қаруды сақтандырғыштан алады, оқты оқтыққа жібереді және тұрып екі рет көздеп атады, «төменгі тұрыс» тұрысына ауысып, екі рет атады, жату тұрысына ауысады және тағы екі рет атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын тексереді және басшыға көрсетеді, содан кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға тигізген бір ұпайы алынып тасталады.

109. **№ 18-жаттығу.** Қимылдан кейін қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 50 м.

Оқ саны: 5 дана

Қайталау саны: 5 рет.

Қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Атуға арналған жағдай: тізерлер отырып ату.

Уақыт: ерлер үшін – 45 секунд;

әйелдер үшін – 1 минут.

Бағалау: «өте жақсы» - сынақ аймағына 5 рет тигізу;

«жақсы» - сынақ аймағына 4 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - сынақ аймағына 3 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер 150 метр бастапқы шепке шығады, басшының командасы бойынша оқжатарды бес патронмет оқтайды, оны автоматқа жалғайды және «бауға» тұрысында тұрады. «Алға» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, үйренуші автоматты қолына алады, 100 м қашықтықты жүгіріп өтеді. Тізерлеп отыру тұрысын қабылдайды, қаруды сақтандырғыштан алады, патронды оқтыққа салады және нысанаға бес рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын тексереді және басшыға көрсетеді, содан кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тарпта жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

4-параграф. Автоматтан тапаншаға ауысып ату жаттығулары

110. **№ 19 жаттығу.** Қимылдан кейін қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 15-30 метр.

Оқ-дәрілер саны: 6 дана (3 автоматтық, 3 тапаншалық)

Қайталау саны: 3 рет.

Атуға арналған жағдай: нысанаға қарап тұрып.

Автомат және тапанша үшін қарудың жағдайы: № 2 (оқталған, оқ оқтықта жоқ).

Уақыт: – 25 секунд;

Бағалау: «өте жақсы» – қылмыскердің сұлбасына 6 рет тигізу;

«жақсы» – қылмыскердің сұлбасына 4 рет тигізу;

«қанағаттарлық» – екі атқаны да тиген жағдайда қылмыскердің сұлбасына 2 рет тигізу.

Қызметкер «Алға» командасы бойынша 30 метрге атыс шебіне барады және атыс үшін «тұру» тұрысын қабылдайды. «Қаруды оқта, дайындал» командасынан кейін үш патронмен оқталған тапаншаның оқжатарын саптың негізіге салады, тапаншаны тапанша қапқа салады және оны бекітеді. Автоматтың оқжатарын үш патронмен оқтайды, автоматқа жалғайды және «патруль» тұрысын қабылдайды. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер қаруды сақтандырғыштан алады, патронды оқтыққа жібереді және бірінші нысанаға көздеп үш рет атады, атысты аяқтағаннан кейін автоматты сақтандырғышқа қояды және қозғала бастайды, 15 метр шебіне жеткеннен кейін қосымша қаруға (тапанша) ауысады, оны тапанша қаптан алады, патронды оқтыққа жібереді және екінші нысанаға үш рет көздеп атады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

Жаттығу аяқталғаннан кейін атыс басшысының командасы бойынша екі қарудың да оғының шығарылғанын тексереді.

5-параграф. Арнайы қарудан ату жаттығулары

111. **№ 20-жаттығу.** Металл нысаналарға оқты ауысытырып ату.

Нысана: «Кіші пеппер-поппер» металл нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 12 м.

Оқ саны: 3 дана

Қайталау саны: 3 рет.

Оқ-дәрілердің түрлері: картель, бытыра, оқ, резенке оқ, резенке бытыра және оқ-дәрілердің рұқсат етілген басқа түрлері.

Қарудың жағдайы: № 3 (толық оқсыз).

Атуға арналған жағдай: тұрып ату.

Уақыт: автоматтың жұмыс принципі анықтайды.

әйелдер үшін – 1 минут.

Бағалау: «өте жақсы» - нысанаға 3 рет тигізу;

«жақсы» - нысанаға 2 рет тигізу;

«қанағаттарлық» - нысанаға 1 рет тигізу.

«Кіші пеппер-пеппер» толық құлағанда жаттығу орындалды деп есептеледі.

Орындау тәртібі:

Қызметкер басшының командасы бойынша атыс шебіне шығады, «Қаруды оқта, дайындал» командасынан кейін үш патронмен оқтайды (қорапша қаруға жалғанады). «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомер қосылады, сақтандырғыш ағытылады, патронды оқтыққа жібереді және нысанаға үш рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын тексереді және басшыға көрсетеді, содан кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

6-параграф. Мергендік мылтықтан ату жаттығулары

112. **№ 21-жаттығу.** Жатқан күйде қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: дөңгелегі бар жасыл түсті кеуде пішінді нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 100 м.

Оқ саны: 5 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың жағдайы: № 3 (толық оқсыз).

Атуға арналған жағдай: тіреліп жатып ату.

Бағалау: «өте жақсы» - 45-50 ұпай;

«жақсы» - 40-44 ұпай;

«қанағаттарлық» - 35-39 ұпай;

«қанағаттарлықсыз» - 35 ұпай.

Орындау тәртібі:

Қызметкер басшының командасы бойынша атыс шебіне шығады және атыс үшін жату тұрысын қабылдайды. Қызметкер «Қаруды оқта, дайындал» командасы бойынша оқжатарды тапаншаға жалғайды. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер патронды оқтыққа жібереді және бес рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың

оғын тексереді және басшыға көрсетеді, содан кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

113. **№ 22-жаттығу.** Тұрған күйде қозғалмайтын нысаналарға ату.

Нысана: дөңгелегі бар жасыл түсті кеуде пішінді нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 100 м.

Оқ саны: 5 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Атуға арналған уақыт: 5 минут.

Қарудың жағдайы: № 3 (толық оқсыз).

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұру.

Бағалау: «өте жақсы» - 45-50 ұпай;

«жақсы» - 40-44 ұпай;

«қанағаттарлық» - 35-34 ұпай;

«қанағаттарлықсыз» - 30 ұпайдан төмен.

Орындау тәртібі:

Қызметкер басшының командасы бойынша атыс шебіне шығады және атыс үшін тұру тұрысын қабылдайды. Қызметкер «Қаруды оқта, дайындал» командасы бойынша оқжатарды тапаншаға жалғайды. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, патронды оқтыққа жібереді және бес рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын тексереді және басшыға көрсетеді, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

114. **№ 23-жаттығу.** Атысты шеп бойынша алмастырып және атыс қалпын алмастыра отырып ату.

Нысана: дөңгелегі бар жасыл түсті кеуде пішінді нысана (3 дана).

Нысанаға дейінгі аралық: 100, 200, 300 метр.

Оқ саны: 6 дана

Қайталау саны: 2 рет.

Атуға арналған уақыт: 2 минут.

Атуға арналған жағдай: жатып, тізерлеп отырып, тұрып ату.

Бағалау: «өте жақсы» - нысанаға 5 рет тигізу;

«жақсы» - нысанаға 4 рет тигізу

«қанағаттарлық» - нысанаға 3 рет тигізу

«қанағаттарлықсыз» - нысанаға 3 реттен кем тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер басшының командасы бойынша атыс шебіне шығады және атыс үшін жату тұрысын қабылдайды. Қызметкер «Қаруды оқта, дайындал» командасы бойынша оқжатарды тапаншаға жалғайды. «Ат» командасы бойынша бір уақытта секундомерді қосады, патронды оқтыққа жібереді, жату, тізерлеп отыру және тұрып ату тұрыстарынан екі реттен көздеп атады.

Жаттығу аяқталғаннан кейін қарудың оғын тексереді және басшыға көрсетеді, бақылау тартпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

7-параграф. Тапаншадан және автоматтан атудың қосымша жаттығулары

115. ПО қызметкерлерінің атыс даярлығын жетілдіру мақсатында аумақтық арнайы даярлық бөліністері, ал олар болмаған жағдайда жеке құрамның кәсіби даярлығына жауаптылар қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін сақтай отырып, тиісті тәртіпте зерледеу және бекіту үшін кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жолданатын жауынгерлік қарудан атудың қосымша жаттығуларын әзірлейді.

116. Атыстың қосымша жаттығуларын өткізу үшін қарудың және техниканың, нысаналар мен нысаналық құрылғылардың әр түрлі түрлерін пайдалануға рұқсат етіледі.

8-параграф. Әскери-спорттық атыс жаттығулары

117. Жауынгерлік қарудан ату бойынша әскери-спорттық сайыстар атыста мергендік пен тұрақтылықты арттыруға, шектеулі уақытта нысананы жеңуге атысты тиімді жүргізудің нақты дағдыларын игеруге ықпал ететі, жедел-қызметтік (жауынгерлік) міндеттерді орындауда қызметкерлердің даярлығын пысықтайды.

118. Жауынгерлік қарудан ату бойынша әскери-спорттық сайыстар атыс даярлығы бойынша қызметкерлерді оқытудың сапасын және бөліністе спорттық сайыстардың жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір басшы жауынгерлік қарудан әскери-спорттық ату бойынша өзінің қарамағындағылардың дайындығын, олардың сайыстарға жүйелі түрде қатысуын ұйымдастыру керек.

119. Практикалық атыс бойынша сайыстар қарулардың түрлері, жаттығулардың орындалу сипаттамасы, жаттығудың әрбір түрі орындау үшін оқ-дәрілердің саны, атыстарды ұйымдастыруға және өткізуге жауаптылар, сондай-ақ, ПО-ның медициналық мекемелері көрсетілген ІІМ басшысының (ПО-ның уәкілетті басшысы) бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

120. Жаттығулардың түрлері:

1) қысқа:

тапанша үшін – жаттығуды аяқтау үшін 12 сынақ атыстарынан артық және бір атыс позициясынан 9 сынақтарынан артық талап етілмеуі керек;

автомат үшін – жаттығуды аяқтау үшін 10 сынақ атыстарынан артық және бір атыс позициясынан 5 сынақтарынан артық талап етілмеуі керек;

2) орта:

тапанша үшін – жаттығуды аяқтау үшін 24 сынақ атыстарынан артық және бір атыс позициясынан 9 сынақтарынан артық талап етілмеуі керек;

автомат үшін – жаттығуды аяқтау үшін 24 сынақ атыстарынан артық

және бір атыс позициясынан 10 сынақтарынан артық талап етілмеуі керек;

3) дуэль атыстар:

тапанша үшін – аяқтау үшін 12 сынақ атыстарынан артық талап етілмеуі керек және бір рет міндетті қайта оқтау талап етіледі;

автомат үшін – аяқтау үшін 12 сынақ атыстарынан артық талап етілмеуі керек және бір рет міндетті қайта оқтау талап етіледі.

9-параграф. Бақылау жаттығулары

121. Атыстың бақылау жаттығулары олардың орындалуы қағидаларға сәйкес шарттары мен тәртібі сақталған жағдайда орындалды деп есептеледі. Егер жаттығуды орындау кезінде қызметкерлер қаруды (оқ-дәрілерді) пайдалануда қауіпсіздік шараларын бұзуға жол берсе, орындау тоқтатылады және қызметкерге «қанағаттарлықсыз» бағасы қойылады.

122. Қарумен лауазымдық міндеттерді орындайтын қызметкерлер атыстың бақылау жаттығуларын жеке броньді жилет құралдарымен орындайды (қызмет өткеру ерекшеліктерін ескере отырып, броньді жилет, қалқаны бар дулыға). Егер дулығаның қалқанында нысананы көруге мүмкіндік бермейтін ақау болса қалқанын көтеріп атуға рұқсат беріледі, сонымен қатар көру органдарының қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек (тактикалық көзілдірік).

123. Тапаншадан атудың бақылау жаттығулары

Қозғалмайтын нысаналарға орнында тұрып ату.

Мақсаты: сынақтық аймаққа берілген «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысананың ұзақтығы: 15 м.

Оқ-дәрілер саны: 4 дана.

Қайталау саны: 2 рет.

Қарудың тұрысы: № 2 (оқталған, оқтықта оқ жоқ).

Ату үшін тұрыс: тұрып ату

Уақыт: ерлер үшін - 12 секунд;

әйелдер үшін – 15 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» – сынақ аймағына 4 рет тигізу;

«жақсы» – сынақ аймағына 3 рет тигізу;

«қанағаттарлық» – сынақ аймағына 2 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қызметкер атыс шебіне барады, басшының командасы бойынша оқжатарды төрт патронмен оқтайды, оны саптың негізіне жалғайды және кобураға салады. «Ат» командасынан кейін бір уақытта секундомерді қосады, қызметкер қаруды кобурадан алады, сақтандырғыштан алады, оқты оқтыққа жібереді және тұрып төрт рет көздеп атады.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

Атыстың нәтижелерді анықтау кезінде егер оқтың калибрі нысананың ішкі жағын жауып қалса немесе жанап өтсе (сынақ аймағы) нысаналардағы тесіктер есептеледі.

Ескертпе: сынама атыста оң нәтиже алған қызметкер сынақ атыстан бас тартуға құқылы.

124. Автоматтан атудың бақылау жаттығулары

Қозғалмайтын нысаналарға орнында тұрып ату.

Мақсаты: «Тапаншасы бар қылмыскер» арнайы нысана.

Нысананың ұзақтығы: 50 м.

Оқ-дәрілер саны: 6 дана

Қайталау саны – 2 рет

Қарудың тұрысы: № 2 (оқталған, оқтықта оқ жоқ).

Ату үшін тұрыс: тұрып, тізерлерлеп отырып, жатып (ату жағдайын үйренуші өзі таңдайды)

Уақыт: 35 секунд.

Бағалау: «өте жақсы» – нысанадағы қылмыскердің сұлбасына 5-6 рет тигізу;

«жақсы» – нысанадағы қылмыскердің сұлбасына 3-4 рет тигізу;

«қанағаттарлық» – нысанадағы қылмыскердің сұлбасына 2 рет тигізу.

Орындау тәртібі:

Қылмыскер 100 метрге бастапқы шепке шығады, басшының командасы бойынша оқжатарды алты патронмен жарақтайды, оны автоматқа қосады және «патруль» тұрысын қабылдайды. «Алға командасы бойынша» бір уақытта секундомерді қосады, 50 метрге атыс шебіне дейін ауысады. Қаруды сақтандырғыштан алады, патронды оқтыққа жібереді, таңдауы бойынша атыс үшін тұрысты қабылдайды (тұрып, тізерлеп, жатып) және алты рет көздеп атады. Жаттығу аяқталғаннан кейін қаруды қарусыздандырады және басшыға көрсетеді, тексергеннен кейін оқжатарды кіші сөмкеге салады, бақылау тарпа жасайды және сақтандырғышқа қояды.

«Доғар» командасынан кейін әрбір атқаны үшін нысанаға бір тигізгені алынып тасталады.

Бұл жаттығуды тек жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың қызметкерлері орындайды.

Макаров тапаншасының және Калашников автоматының мақсаты, жауынгерлік құрылымы және тактика-техникалық сипаттамасы

Макаров тапаншасы



9-мм Макаров тапаншасы қысқа қашықтықтан қарсыластардың күшін жоюға арналған, жеке шабуыл және қорғану қаруы болып табылады.

Тактика-техникалық сипаттамасы

Калибр (мм)	9
Пайдаланылатын оқ-дәрілер (мм)	9x18
Ұңғының ойық саны	4
Ұшу алыстығы (м.)	50
Ату жылдамдығы (минутына ату)	30
Оқтың алғашқы ұшу жылдамдығы (метр секунд)	315
Оқтың қирату күшінің қашықтығы (м.)	350
Оқтың шектік ұшу алыстығы	800
Тапаншаның салмағы (гр.): оқталмаған оқжатармен оқталған оқжатармен	730 810
Оқжатардың сыйымдылығы	8

Тапаншаның бөлшектері мен механизмдерінің жалпы құрылысы

Тапанша құрылысы және пайдалануы жағынан қарапайым, өзінің өлшемі бойынша кішкентай, алып жүруге ыңғайлы және әрқашан әрекет етуге дайын. Тапанша – өзінен өзі оқталатын қару, себебі ату кезінде қайта оқталуы автоматты түрді жүзеге асырылады. Тапаншаның автоматтық жұмысы бос бекітпенің кері қайтымын пайдалану принципіне негізделген.

Ату кезінде ұңғы арнасының жабылу беріктігі бекітпенің массасымен және қайтармалы серппенің үлкен күшімен қол жеткізіледі ие болады. Тапаншада шүріппе түріндегі өзі оқталатын соққыш-атқыш механизмінің бар

болуы шүріппені алдын ала жүргізбей атқыш ілгектің артқы жағын басып тұрып жылдам атуға болады.

Тапаншаны қолдану қауіпсіздігі сенімді қимылдайтын сақтандырғышпен қамтамасыз етіледі. Сақтандырғыш бекітпенің сол жағында орналасқан. Одан басқа, ағытқыш ілгектен кейін (шүріппені доғару) ұрыстық серіппенің күшімен және ағытқыш ілгекті жібергеннен кейін шүріппе автоматты түрде сақтандырғышқа айналады.

Шүріппе ұрыстық серіппе артқы жағын соңына дейін иілген (босатқыш) күшімен шүріппенің сақтандырғыш взводиның алдындағы септегіш серіппенің ұшы бекітпенің кейбір бұрыштарына бұру (яғни шүріппені доғару) керек.

Ағытқыш ілгек түсірілгеннен кейін босату тартқыш ұрыстық серіппенің жіңішке қауырсынының күшімен аяғына дейін тартылады. Взвод тетігі және септегіш серіппе төмен түсіріледі, септегіш өзінің серіппе күшімен шүріппеге жабысады және шүріппе автоматты түрде сақтандырғыш взводқа қойылады.

Макаров тапаншасының құрылғысы

Тапанша мына бөлшектер мен механизмдерден тұрады:

1) Ұңғы жақтауымен ағытқыш тұтқа тапаншаның барлық бөліктерін біріктіру үшін қызмет етеді. Тұтқа мен бұранда бір бүтінді құрайды.

Тұтқаның негізі тұтқаны, ұрыстық серіппені бекіту және оқжатарды орнату үшін қызмет етеді.

Тұтқа оқтың қимылын бағыттау үшін қызмет етеді. Тұтқаның ішінде сол жаққа жоғары шыққан төрт ойығы бар. Ойықтар оқты айналдыру үшін қызмет етеді. Ойықтардың арасы алаң деп аталады. Екі қарама қарсы алаңдардың (диаметрі бойынша) арақашықтығы ұңғы арнасының калибрі анықтайды, ол 9 мм тең.

Ағытқыш арнасының қазыналық бөлігі оқты салу үшін қызмет етеді және оқтық деп аталады.

Ағытқыш тұтқа ағытқыш ілгектің артқы жағын абайсызда басып қалудан сақтандыру үшін қызмет етеді. Оның алдыңғы ұшының бекітпені артқа тартуда шектейтін қыры бар. Ұңғы жақтауы тұтқаның жоғарғы жағын бұранданың негізгі қабырғасының алдыңғы ұяшығында орналасқан серіппемен және торымен ұстап тұрады.

2) Ұрғышпен, лақтырғыш және сақтандырғышы бар бекітпе, оқжатардан патронды оқтыққа беру, атқан кезде тұтқаның каналын жабуға, гильзаны ұстауға (патронды алу) және шүріппені жауынгерлік взводқа келтіру үшін қызмет етеді.

Бекітпенің сыртында: көздеуге арналған қарауыл, көздеу кезінде бекітпенің үстіне жарық түсірмеу үшін қарауыл мен көздеуіштің арасында көлденең ойықта жылжымалы көздеуіш және кертпе бар.

Ұрғыш капсюльді бұзу үшін қызмет етеді, салмақты азайту және қажалатын жоғарғы жақты кішірейту үшін үш қырлы түрде болады.

Лақтырғаш бекітпенің табакшасында қайтарғышпен кездескенше оқты (оқсауытты) ұстау үшін қызмет етеді.

Сақтандырғыш қаруды қолданғанда қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

3) Қайтармалы серіппе атыстан кейін бекітпені бастапқы қалпына қайтару үшін қызмет етеді. Серіппенің соңындағы шеткі орам басқа орамдарға қарағанда диаметрі кіші. Осы ораммен жинау кезінде тапаншаны ашу кезінде ұңғыны мықтап ұстау үшін серіппені ұңғыға кигізеді.

4) Соққыш-ағытқыш механизмі тапаншаның барлық бөлшектері мен механизмдерін іске қосу үшін қызмет етеді. Шүріппеден, септегіш серіппеден, босату тартқыш, взвод тетігімен, ағытқыш ілгектен, ұрыстық серіппеден және ұрыстық серіппе ысырғыштан тұрады.

5) Бұрандалы сап саптың және ысырғышты бұранда сапқа бекіту жанындағы ойықтарды және бұранданың негізгі артқы қабырғасын жабады, сондай-ақ тапаншаны қолда ыңғайлы ұстау үшін қызмет етеді.

6) Бекітпе ұстағыш оқжатардағы барлық оқтардың (патрондарды) жұмсалғанынан кейін бекітпені соңғы қалыпта ұстау үшін қызмет етеді.

7) Оқжатар оқты орналастыру үшін қызмет етеді.


Әрбір тапаншаға тиесілі қажеттіліктер: қосымша оқжатар, тапанша қап, шүберек, тапанша бауы.

Тапанша қап тапаншаны, қосымша оқжатарды және сүрткішті алып жүру үшін қызмет етеді.

Қосымша оқжатар жауынгерлік жинақтың екінші жартысын сақтау және тапаншаны жылдам қайта оқтау үшін қызмет етеді.

Сүрткіш тапаншаны бөлшектеу, жинау, тазалау және майлау үшін қолданылады.

Тапанша бау тапаншаны жоғалтудың алдын алу үшін арналған.



9 мм. тапанша патронының құрылғысы


9 мм. тапанша патроны оқсауыт, капсюль, тұтанғыш дәрі және болат оқтан тұрады.

Оқсауыт тұтанғыш дәріні және патронның барлық бөлшектерін орналастыру үшін қызмет етеді: ату кезінде оқтықты ұңғы арқылы канал арқылы газдың бұзылуының алдын алады.

Қуат түтінсіз пироксилин дәріден тұрады.

Капсюль дәрі газын тұтануы үшін қызмет етеді.

Оқ болат кіндік темір тығындалған биметалл (плакированной) қабығынан тұрады. Оқ пен болат кіндік темір арасында қорғасын қабығы бар.



- 1- оқсауыт;
- 2- капсюль;
- 3- тұтанғыш дәрі;
- 4- болат оқ;
- 5- биметалл (плакированная) орам;
- 6- болат кіндік темір;
- 7- қорғасын қабығы.

Калашников автоматы



Калашников автоматы жеке қару болып табылады және қарсыластың тірі күшін жоюға арналған. Табиғи түнгі жарық жағдайында ату және бақылау үшін автоматқа түнгі атыс көздеуіштері ТАКҚ, ТАКҚК жалғанады.

Автоматты ұңғыастылық гаратомет ГП-25 жинағында пайдалануы мүмкін.

Жауынгерлік күресте қарсыласын жеңу үшін автоматқа сүңгі пышақ жалғанады.

Автоматтан автоматты және жекелеп ату атыстары жүргізіледі. Автоматты атыс атыстың негізгі түрі болып табылады: ол қысқа кезекте 5 атысқа дейін және ұзын – 10 немесе тоқтаусыз атыс жүргізеді.

Автоматтың жалпы құрылғысы және бөлшектерінің жұмысы

Автоматтың автоматтық жұмысы ұңғының газ камерасынан шығатын газ дәрілерінің қуатын пайдалануға негізделген. Атқан кезде келесі оқтың газ

дәрісінің бөлігі ұңғы қабырғасының ойығынан газ камерасынан шығады, газ тетігінің алдыңғы жағына салмақ салады және тетікті және бекітпе жақтауын атқа қарай лақтырады. Бекітпе жақтау артқа жылжығанда бекітпе ашылады, оның көмегі бойынша оқтық оқсауыттан алынады және сыртқа лақтырылады, бекітпе жақтауы қайтармалы серіппені қысады және шүріппені басады. Бекітпе жақтауы қайтармалы механизмнің күшімен бекітпемен алдыңғы қалыпқа қайтып келеді, бекітпе көмегімен оқжатардан оқ оқтыққа жіберіледі және ұңғының каналы жабылады, ал бекітпе жақтауы автожіберудің шығуынан шүріппенің авто септегіш серіппені шығарады. Шүріппе жауынгерлік тұрысқа келтіріледі. Бекітпе өз бойымен оңға қарай айналып жабылады, нәтижесінде бекітпенің жуынгерлік қырлары ұңғы қорабының жауынгерлік тығынына тіреледі.

Тактикалық-техникалық сипаттамасы

	КА-74	КА - 74У	ЖКА
Калибр (мм)	5,45	5,45	7,62
Қолданылатын оқ-дәрілер (мм)	5,45x39	5,45x39	7,62x39
Атудың көздеулі қашықтығы (м.)	1000	500	1000
Ату жылдамдығы (минутна ату)			
жекелеп атқан кезде	40	40	40
кезекпен атқан кезде	100	100	100
Оқтың бастапқы жылдамдығы (м/с)	900	735	715
Оқтың қиратқыш әрекеті сақталатын қашықтық м	1350	110	1500
Оқтың шектік ұшу алыстығы (м)	3150	2900	3000
Автоматтың салмағы (гр.):			
оқталмаған оқжатармен	3,3	2,7	3,1
оқталған оқжатармен	3,6	3,0	3,6
Оқжатардың сыйымдылығы	30	30	33,10

Негізгі бөлшектер мен механизмдер:

1) Көздеуіш құрылғысы мен дүмі бар ұңғы қорабы бар ұңғы.

Ұңғы оқтың ұшу бағыты үшін қызмет етеді. Ұңғының ішінде сол жатқа жоғары оңға бағытталған төрт бұранда ойықтары бар канал бар. Ойықтары оққа айналу қимылын беру үшін қызмет етеді. Диаметрі бойынша екі қарама-қарсы алаңның арасындағы қашықтық ұңғының калибрі деп аталады. Каналдың қазыналық бөлігі тегіс және оқсауыттың пішіні бойынша жасалған: каналдың бұл бөлігі патронды орналастыру үшін қызмет етеді және оқтық деп аталады. Оқтықтан ұңғы каналының ойылған бөлігіне кіретін ойығы үрмелі кіреберіс деп аталады. Ұңғының сыртында өрт сөндіргіші бар бұрамда үшін қарауыл бар, шетмойын дөңгелегі, көздеу қалыбы және

лақтырғышты іліп алу үшін қазыналық ойық бар. Қарауылдың қалыбы және көздеуіштің қалыбы қадауыштар немесе жаншып шығарудың көмегімен ұңғыға бекітіледі. Ұңғы штифтің көмегімен ұңғы қорабымен жалғанады және одан бөлінбейді.

Көздеу құрылғысы атыс кезінде автоматтан әр түрлі қашықтықтан көздеу үшін қызмет етеді. Ол көздеуіш пен қарауылдан тұрады. Көздеуіш көздеуіш қалыптан, иілгіш серппеден, көздеу жұқа тақтайшадан және қамытшадан тұрады. Көздеуіш қалыбында: қарауылдан белгілі бір жоғарыда тұру көздеуі үшін екі қатарлы сектор, газ трубасы үшін тесік; ішінде – желім серіппе үшін ұяшық бар; артқы қабырғасында – ұңғы қорабының қақпағы үшін жартылай дөңгелек ойық.

Көздеуіштің қалыбы ұңғыға кигізілген және штифтпен немесе басып шығарғышпен бекітілген. Иілгіш серіппе көздеуіш қалыптың ұясына салынады және көздеуіш қалыпты басып тұрған жағдайда ұстап тұрады. Көздеуіш қалыбы қыстырма серіппе арқылы белгіленген жағдайда қамытшаны ұстау үшін көздеу және кесу үшін кетігі бар. Көздеуіш қалыптың үстінде 1-ден 10-ға дейін бөлу шкаласы бар. Шкаланың цифрлары атыстың қашықтығын жүздеген метрге дейін белгілейді. Көздеуіш қалыбында "П" әріпі белгіленген – көздеудің тұрақты белгісі шамамен түзу атысқа сай келеді. Қамытша көздеуіш қалпына кигізеді және ілмекті басып тұрған жағдайда ұстайды. Ілмектің серіппенің күшімен көздеуіш қалыптың ойығынан шығатын тісі бар. Бұранда қарауылдың негізі қарауылдың қалыбында бекітілген. Негіз бен қалыпқа қарауылдың тұрысын анықтайтын қауіп енгізілген. Жиналатын немесе тұрақты дүмі. Сап.

Дүмі және тапанша сап автоматпен іс-қимылдың ыңғайлы болуы үшін қызмет етеді. Автоматтың дүмі желімнен жасалған және ұшы, бау үшін антабка, ілмекті итергіш бар, керек-жарақ пеналы үшін және қақпағы бар желкесі бар. Дүмнің ұясы пеналды итеру үшін серіппемен бекітілген.

3) Ұңғы қорабының қақпағы.

Ұңғы қорабының қақпағы ұңғы қорабында орналасқан бөлшектер мен механизмдерді ластаудан сақтайды. Оң жағында оқсауыттың сыртқа шығуы жолына арналған және бекітпе жақтауы сабының іс-қимылы үшін шығыңқы тесігі бар; артында – қайтарма механизмінің стерженді бағыттауы дөңес үшін тесік бар. Автоматтың қақпағын ұңғы қорабының көлденең қойнына және қайтарма механизмінің стерженді бағыттауы дөңес, қалыптың көздеуіш жартылай дөңгелек ойығының көмегімен ұңғы қорабы ұстап тұрады.

4) Газ поршенімен бекітпе жақтауы.

Газ поршенімен бекітпе жақтауы бекітпені және соққыш-атқыш механизмдерді іс-қимылға келтіру үшін қызмет етеді. Бекітпе оқты (патронды) оқжантайға жеткізу үшін, ұңғы каналын жабу, капсульді бұзу және оқжантайтан оқ сауытты (патронды) алу үшін қызмет етеді.

Бекітпе жақтауының ішінде қайтару механизмі және бекітпенің каналына арналған канал бар. Артында сақтандырғыш дөңес бар. Саңылауларының жандарында ұңғы қорабының иілгені бойынша бекітпе

жақтауының іс-қимылы үшін жасалған. Оң жағында түсіру (бұру) үшін автоматты қайта оқтау үшін автожіберу және сап бар. Төменде – бекітпенің дөңесін және ұңғы қорабының дөңесіне шығып тұрған өту үшін фигура пішінді орын бар. Бекітпе жақтауының алдыңғы жағында газ поршенімен сояуышпен бекітіледі.

5) Бекітпе.

Бекітпе оқты (патронды) оқшантайға жеткізу үшін, ұңғы каналын жабу, капсюльді бұзу және оқшантайдан оқ сауытты (патронды) алу үшін қызмет етеді. Оның алдыңғы жағында оқсауыттың түбі үшін цилиндр тәрізді кесенің ойығы және лақтырғыш үшін саңылау бар. Бөкселерінде – бекітпені жабу кезінде ұңғы қорабының ойықтары кіріп тұратын екі жауынгерлік доңас бар.

Жоғарғы жағында – жабу және қарсы тұру кезінде бекітпенің бұрылуы үшін доғастар бар. Сол жағында – ұңғы қорабының доңасының қайтарушы жолы үшін ұзына бойы ойық бар. Бекітпенің жуан жағында – соққыштың лақтырғышы мен штифінің өсі үшін тесіктер бар.

Лақтырғышта түрткіш және мық үшін доңас бар. Серіппесі және өсі бар лақтырғыш оқсаутты оқтықтан алу және ұңғы қорабында көрсетуге дейін ұстауға арналған. Лақтырғыштың оқсаутты ұстау үшін бекітпесі, серіппе үшін және лақтырғыштың өсі үшін ұясы бар. Лақтырғыштың мықты соққыштық және лақтырғыш өсін бекіту үшін қызмет етеді.

6) Қайтарма механизмі.

Қайтарма механизмі бекітпемен қоса бекітпе жақтауын алдыңғы жағдайға қайтаруға арналған. Ол сыртқа бағыттайтын қайтармалы серіппеден, жылжымалы сырықтан және муфтадан тұрады.

Бағыттаушы сырықтың соңғы жағында, ұңғы қорабын біріктіруге бағыттайтын дөңестері бар және ұңғы қорабының қақпағын ұстау үшін дөңесі бар серіппеге арналған тірек бар. Алдыңғы жағындағы жылжымалы сырықтың муфтіні кигізуге арналған бүгілген жері бар;

7) Ұңғы бастырмасымен қоса газ түтігі.

Ұңғы бастырмасымен қоса газ түтігі газ түтігінен, алдыңғы және артқы дөңгелектен, ұңғы бастырмасынан, металл жартылай дөңгелектен (ағаш бастырма болған жағдайда) және иілгіш серіппеден тұрады. Газ түтігі газ поршені сояуышының қимылын бағыттайды. Оның бағыттауыш қабырғалары бар. Газ түтігі алдыңғы жағынан газ камерасының қысқа түтікшесіне кигізіледі. Ұңғы бастырмасы автоматшының қолын ату кезінде күйіп қалудан сақтайды. Ұңғы бастырмасы алдыңғы және артқы дөңгелектің арасындағы газ түтігіне жалғанған; артқы дөңгелектің газ түтігінің мұрындығы тірелген дөңесі бар; иілгіш серіппе тетіктің бойымен ауытқуын болдырмайды;

8) Соққыш-ағытқыш механизмі.

Соққыш-ағытқыш механизмі шүріппені ұрыстық қайырмадан немесе автоағытқыш қайырмасынан босату үшін, ұрғышқа соққы беру үшін автоматты не жекелей атыс жүргізілуін, атуды тоқтатуды қамтамасыз ету үшін және автоматты сақтандырғышқа қою үшін қызмет етеді.

Соққыш-ағытқыш механизмі бірін-бірі алмастыратын үш өсімен бекітілетін ұңғы қорабына салынды және ұрыстық серіппесі бар шүріппеден, серіппесі бар баяулатқыш шүріппе, ағытқыш ілгектен, серіппесі бар бір оты бар септегіш серіппеден, серіппесі бар автотүсіруден, аударушы және труба тәрізді өстен тұрады. Ұрыстық серіппенің шүріппесі соққышқа соғу үшін қызмет етеді. Шүріппеде ұрыстық взвод, автотүсіру взводы, цапфадан және өске арналған ойықтан тұрады. Ұрыстық серіппе шүріппенің цапфасына кигізеді және өзінің бауымен шүріппеге, ал ұштары – ағытқыш ілгектің тік бұрышты дөңестеріне әсер етеді. Шүріппені баяулатқыш автоматтық ату кезінде ұрыстың шоғырлануын жақсарту мақсатында шүріппенің қимылын баяулату үшін қызмет етеді. Оның алдыңғы және артқы жағында дөңестері, өсі үшін ойықтары, серіппесі және ілмегі бар;

9) Шетмойын.

Шетмойын ұстауға ыңғайлы болу және атыс кезінде атушының қолын күйіп қалудан сақтайды. Шетмойын ұңғыға төменгі жағынан шетмойынның дөңгелегі арқылы және ұңғы қорабының ұясына кіретін ұңғы қорабына дөңестер арқылы жалғанады. Шетмойынның сүмбі үшін ойығы бар.

Шетмойынның металл экраны атыс кезінде қызуды азайтуға арналған;

10) Оқжатар.

Оқжатар оқтардың (патрондардың) орналасуы және оларды ұңғы қорабына берілуі үшін қызмет етеді. Ол желім корпустан, қақпақтан, бекітулі қалыптан, серіппеден және әпіргіштен тұрады.


Оқжатардың корпусы оқжатардың барлық бөлшектерін біріктіреді. Оның бөкседегі түсіп қалудан және шығып кетуден сақтайтын, әпергіштің көтеруін шектейтін қабырғаларының жоғарғы жағындағы (аузында) бүгілмелері бар. Сыртқы жоғарғы жағында ауыстырғышты қосу үшін екі вертикал ойық бар, алдыңғы қабырғада ілгіш бар, ал артқы – оқжатар ұңғы қорабына жалғайтын тірек болатын дөңес бар. Корпустың артқы жағында оқжатарды патрондармен толық оқтауды анықтау үшін бақылау саңылақтары бар. Корпус төменгі жағынан қақпақпен жабылады. Қақпақта бекітпе қалыптың дөңесі үшін ойықтары бар. Корпустың ішінде әпергіш және бекітпе қалыбы бар серіппе бар.

Әпергіш серіппенің жоғарғы шетінде оң қабырғаның ішкі бүгілуінің көмегімен бекітіледі, оқжатарда патрондар шахмат түрінде орналасуын қамтамасыз ететін дөңесі бар. Бекітпе қалып серіппенің атыңғы ұшына бекітілген және өзінің дөңесімен оқжатардың қақпағын қимылдан сақтайды.

Оқжатарға арналған сөмке

Оқжатарға арналған сөмке оқжатарды және керек-жарақтарды сақтау және алып жүру үшін қызмет етеді.

Сөмкенің ішкі жағы оқжатарлар сыятын бөлімшелерден тұрады. Сөмкенің жанында майлағышқа және керек-жарағы бар бұйымжатарға арналған қалта бар, ол көмекеймен ұсталып тұратын, қалтаның белгілеуішімен ілінетін қақпашамен жабылады. Қалтаның аз бөлігінде керек-жарақтары бар бұйымжатар орналасады. Сөмкенің артқы қабырғасының сыртқы жоғарғы жағында сөмкені белдік бауға ілуге арналған екі асылмалы тетік тігілген, ал төмендеу сөмкені баумен тағып жүру ыңғайлы болу үшін жалғыз жұмсақ жапсырма тігілген.



- 1- майға арналған қалтаның клапаны;
- 2- көмей;
- 3- сөмкенің клапаны;
- 4- оқжатарлар;
- 5- қақпақты ілгіш;
- 6- май.

Ұрыс оқтары (патроны)

Ұрыстық оқ (патрон) болат оқтан, оқсауыттан, тұтанғыш дәріден және капсульден тұрады. 5,45-миллиметрлік патрондар кәдімгі және жарқырағыш түрінде шығарылады. Жарқырағыш оқтар жасыл түске боялған. Арнайы итергіштерді пайдаланумен жүргізілетін атыстарда, атыс болғанын ұқсату үшін бос (оқсыз) патрондар қолданылады



- а – болат жүрекше тәрізді оғы бар патрон;
- б – жарқырағыш оғы бар патрон;
- в – бос патрон;
- г – оқу патрон.

Атыс даярлықтарының нормативтері

№	Нормативтің атауы	Уақыт бойынша бағалау (секундпен)	
		қанағаттарлық	қанағаттарл ықсыз
Макаров тапаншасы			
1.	атысқа түрлі тұрыстан атуға дайындық: <u>ерлер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып	6 – дан көп емес 8–ден көп емес	6–дан аса 8–ден аса
	<u>әйелдер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып	6 – дан көп емес 10–нан көп емес	6–дан аса 10–ден аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): тапанша тапанша қапта (оқу патронымен оқталған оқжатар тапаншаның сабына жалғанған); басшы қарудың қауіпсіз бағытын және ату үшін тұрысты көрсетеді. Басшының «Ат» командасы, немесе ысқырықтың сигналы бойынша қызметкер атуға арналған тұрысты қабылдайды, оқу патронын оқтыққа жібереді және бос көздеп атады.</p> <p>белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p> <p>Атысқа даярлық: «тұрып» - қарсы алдында агрессивті тұрыс, аяқтарының иығының енінде, қолдары алдына қарай созылған, тапаншаны екі қолымен ұстау және көрсетілген бағытқа бағытталған; «тізерлеп отырып» - отыған күйінде бір тізесін жерге қояды (тізесі екінші аяғының табанының деңгейінде), денесінің кеудесі алдына қарай керілген, қолдары созылған, тапаншаны екі қолымен ұстаған және көрсетілген бағытқа бағытталған.</p>			
2.	Тапаншаны толық емес бөлшектеу (тек оқу қаруымен орындалады) ерлер үшін әйелдер үшін	9–дан көп емес 11–ден көп емес	9–дан аса 11–ден аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қару стөлде, қызметкер қарудың қасында тұрады. Жаттығуды орындау «Старт» командасы бойынша немесе ысқырықтың сигналы бойынша басталады.</p> <p>Тапаншаны толық емес бөлшектеу тәртібі: - қаруды қауіпсіз бағытта ұстайды (оққағар және т.б.) - оқжатарды саптың негізінен алады; - патрон оқтықта жоқ екеніне қоз жеткізеді; сақтандырғышты өшіру, бекітпені артқы жағында екі рет тартады және жібереді, ағытқыш ілгекті басады; - бекітпені саптан ажыратады; ағытқыш тұтқаны төмен қарай тартады және бекітпені соңына дейін артына тартады, алдына шығарады, ұңғы жақтауынан қайтарып, бастапқы жағдайға қайтады; - қайтармалы серіппеден шешеді.</p> <p>Тапаншаның бөлшектерін бөлшектеу кезегінің тәртібімен стөлге қояды. Тапаншаның бөлшектерін тастауға тыйым салынады.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p>			
3.	Тапаншаны толық емес бөлшектеу үшін жинау (тек оқу қаруымен орындалады)		

	ерлер үшін әйелдер үшін	11-ден көп емес 13-тен көп емес	11-ден аса 13-тен аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қару бөлшектелді, бөлшектер мен механизмдер ұқыппен стөлге қойылған; қызметкер қарудың қасында. Жаттығуды орындау «Старт» командасы бойынша немесе ысқырықтың сигналы бойынша басталады.</p> <p>Тапаншаны толық емес бөлшектеуден кейін жинақтау тәртібі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұңғыға қайтармалы серіппені кигізу; - сапты ұстау үшін бекітпені сапқа жалғайды, оны қиғаштау етіп солға (оңға) ұңғы жақтауын төмен тартады, ұңғы жақтауын сапқа тірейді, қайтармалы серіппенің бос тұрған соңын бекітпенің каналына кіргізеді, бекітпені жіберіп, ұңғы жақтауын өз орнына қайтару, сақтандырғышты қосу; - оқжатарды саптың негізіне салу; - қарудың сақтандырғышын жоғары қаратып қою. <p>Ұңғы жақтауын тартпай бекітпені сапқа қосу рұқсат етіледі.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p>			
4.	Оқжатарды патрондарымен жарақтау (тек оқу патрондарымен орындауға рұқсат етіледі) ерлер үшін әйелдер үшін	20-дан көп емес 22-дан көп емес	20-дан аса 22-дан аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қызметкер оқжатар мен 8 оқулық патрон (шашылып жатыр) барлығы стөлдің жанында болады; Басшының «Старт» командасы бойынша немесе ысқырықтың сигналы бойынша қызметкер оқжатарды 8 патронмен оқтайды және оны стөлге қояды.</p> <p>Оқжатар әпергішінің тісін пайдалануға және оқжатарды өзіне немесе стөлге тіреуге тыйым салынады.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p>			
5.	Оқжатарды түрлі жағдайда ауыстыру: <u>ерлер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып <u>әйелдер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып	8 -ден көп емес 9-дан көп емес 10 -нан көп емес 11-ден көп емес	8 -ден аса 9-дан аса 10 -нан аса 11-ден аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): оқталмаған оқжатар тапаншаның сабында; тапанша 45° бұрышта қауіпсіз бағытта қызметкердің қолында; бекітпе бекітпе ұстағыштың соңына дейін тартылған, қосалқы оқжатар тапанша қаптың қалтасында (қосалқы оқжатарды оқу патрондарымен оқтауға рұқсат етіледі).</p> <p>Басшы, нысананы, атыс позициясын, атуға арналған тұрысты көрсетеді. «Ат» командасы немесе ысқырықтың сигналы бойынша қызметкер оқжатарды тапаншаның сабынан ажыратады, оны қолында ұстап тұрады немесе тапанша қапқа (немесе қалтасына) салады (қояды), қосымша оқжатарды алады және оның тапаншасының сабына салады. Тапаншаны бекітпе ұстағыштан ажыратады және көздеп «бос» атады.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p>			
Калашников автоматы			
1.	Түрлі жағдайда атуға дайындалу: <u>ерлер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып	8- ден көп емес 8 -ден көп емес	7-ден аса 8-ден аса

	<u>әйелдер үшін</u> тұрып тізерлеп отырып	9- дан көп емес 11 -ден көп емес	9-дан аса 11-ден аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): оқжатар қосылған автоматты «Патруль» тұрысында ұстайды (оқжатарды оқу патронымен оқтауға рұқсат етіледі).</p> <p>Басшы қаруды бағыттайтын қауіпсіз бағытты және атуға арналған тұрысты көрсетеді. «Ат» командасы немесе ысқырықтың сигналы бойынша атысқа арналған тұрысты қабылдайды, патронды оқтыққа жіберген әрекетті елестетеді (оқуға арналған патронды оқытта жібереді) және көздеп «бос» атады.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p> <p>Атысқа даярлық:</p> <p>«тұрып» - қарсы алдында агрессивті тұрыс, аяқтарының иығының енінде, автомат көрсетілген бағытқа бағытталған және бір қолымен тапаншаның сабынан ұстаған, екінші қолымен шетмойыннан ұстаған;</p> <p>«тізерлеп отырып» - отыған күйінде бір тізесін жерге қояды (тізесі екінші аяғының табанының деңгейінде), денесінің кеудесі алдына қарай керілген, автомат көрсетілген бағытқа бағытталған және бір қолымен тапаншаның сабынан ұстаған, екінші қолымен шетмойыннан ұстаған.</p>			
2.	Автоматты толық емес бөлшектеу (тек оқуға арналған қарумен орындалады) ерлер үшін әйелдер үшін	18-ден көп емес 22-ден көп емес	18-ден аса 22-ден аса
<p>Нормативті орындау шарттары (тәртібі): автомат стөлдiң үстiнде қызметкердiң алдында тұрады;</p> <p>Жаттығу басшының «Старт» командасы немесе ысқырықтың сигналы бойынша басталады.</p> <p>Автоматты толық емес бөлшектеу тәртібі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқжатарды ажырату; - оқтықта оқтың бар-жоғын тексеру; сақтандырғыштың ауыстырғышты төмен түсіру, бекітпе тұтқасын сапқа қарай тарту, оқтықты тексеру, бекітпе тұтқасының сабын төмен түсіру, шүріппені түсіру; - керек-жарақтары бар бұйымжатарды алу; - сүмбіні ажырату (бұл іс-қимылдары ЖКА-74Қ түріндегі автоматты модификацияларына орындалмайды); - ұңғы қорабының қақпағын ашу (ажырату); - қайтармалы механизмді бөлу; - бекітпе тұтқасын бекітпеден ажырату; - газ түтігін ұңғы бастырмасынан ажырату. <p>Сонымен қатар, автоматтың бөлшектерін бөлшектеу кезегінің тәртібімен қою қажет. Қарудың бөлшектерін тастауға тыйым салынады.</p> <p>Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.</p>			
3.	Автоматты толық емес бөлшектеуден кейін жинау (тек оқуға арналған қарумен орындалады) ерлер үшін әйелдер үшін	28-ден көп емес 32-ден көп емес	28-ден аса 32-ден аса

Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қару бөлшектенген; бөлшектері мен механизмдері стөлдің үстінде қызметкердің алдында тұрады. Жаттығу басшының «Старт» командасы немесе ысқырықтың сигналы бойынша басталады.

Автоматты толық емес бөлшектеуден кейін жинау тәртібі:

- ұңғы бастырмасымен газ түтігін қосу;
- бекітпені бекітпе тұтқасына қосу;
- бекітпе тұтқасымен бекітпені ұңғы қорабына қосу;
- қайтармалы механизмді қосу;
- ұңғы қорабының қақпағын қосу (жабу);
- шүріппені түсіру және автоматты сақтандырғышқа қою;
- сүмбіні қосу (бұл іс-қимылдары ЖКА-74Қ түріндегі автоматты модификацияларына орындалмайды);
- дүмбінің ұясын бұйымжатарға салу (оқжатарға арналған қалта);
- автоматты оқжатарға қосу;
- қаруды бекітпе тұтқасымен бекітпені жоғары қаратып стөлге қою.

Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.

4.	Оқжатарды оқпен (патронмен) оқтау (тек оқуға арналған патронмен орындалады) ерлер үшін әйелдер үшін	40-тан көп емес 50-ден көп емес	40-тан аса 50-ден аса
-----------	---	--	--

Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қызметкер оқжатар және 30 оқуға арналған оқ (патрон) (оқсауытты пайдаланбай шашылған күйде) жатқан стөлдің жанында тұрады. «Оқжатарды оқта» командасы бойынша қызметкер оқжатарды оқтайды, стөлге қояды.

Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.


5.	Оқжатардың оғын алу (тек оқуға арналған патронмен орындалады) ерлер үшін әйелдер үшін	14-ден көп емес 16-ден көп емес	14-ден аса 16-ден аса
-----------	---	--	--

Нормативті орындау шарттары (тәртібі): қызметкер стөлдің жанында қолына автоматты 45° бұрышта қауіпсіз бағытта ұстайды, отты ауыстырушы төменгі тұрыста; автомат бір оқуға арналған оқпен (патронмен) оқталған (оқтықта); тағы екі оқуға арналған оқпен (патронмен) автоматтың оқжатарында болады.


«Старт» командасы немесе ысқырықтың сигналы бойынша қызметкер оқжатарды ажыратады және оны стөлге қояды, бекітпе тұтқасының сабын артқа тартады (оқты оқтықтан алады) және бекітпе тұтқасының сабын түсіреді, шүріппені тартады және қаруды сақтандырғышқа қояды. Оқжатардан оқтарды алады және оны автоматқа қосады. Патрон мен қаруды бекітпе тұтқасының сабын жоғары қаратып стөлге қояды.

Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін «Тоқтат» командасы немесе ысқырықтың сигналы беріледі.


Атыс жаттығуларын орындауға арналған нысаналардың үлгілері




Дөңгелектері бар кеуде фигурасы (жасыл түсті)



(жеңу аймағы берілген)
«Тапаншасы бар қылмыскер»
арнайы нысанасы



«Метрикалық» арнайы нысанасы



«Кіші пеппер-поппер» металл
нысанасы